



ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев Сердар Бердімұхамедовті Түрікменстанның Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

Президент құттықтау жеделхатында Ашхабадтың мемлекеттілікті нығайтудағы жарқын жетістіктеріне тоқталып, шетелдік серіктестермен қарым-қатынаста сындарлы ұстанымға жүгінетін бейтарап Түрікменстанның халықаралық аренада зор беделге ие екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Түрікменстанмен арадағы ғасырлар бойы жалғасқан достық, тату көршілік қатынас және өзара қолдау дәстүрінен айнымай, екіжақты стратегиялық серіктестікті одан әрі тереңдетуге бейілді екенін растады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Сердар Бердімұхамедовтің жауапты мемлекеттік қызметіне табыс, ал бауырлас түрікмен халқына бақ-береке тіледі.

• БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

КӨШ ЖҮРЕ ТҮЗЕЛМЕЙ ТҰР

Теріскей аймақтарда халық санының жылдан-жылға азаюы тоқтар емес. Жыл сайын ондаған ауыл карта бетінен мүлдем сызылып жатыр.



→ 6

ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАН ЖІГІТТЕР

Өзбекстанда 14 қыркүйек пен 6 қазан аралығында футболдан әлем чемпионаты өтіп жатыр. 24 құрама топқа түсіп, үздіктер суырылып шықты.



→ 13

БІЗ – БІРЛІГІ МЫҒЫМ, ҰСТАМДЫ ӘРІ ЕҢБЕКҚОР ХАЛЫҚПЫЗ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістан облысына жұмыс сапарымен барды. Жұмыс сапары аясында Президент алдымен түгел түркінің рухани ұстазы Қожа Ахмет Ясауидің және кесене аумағында жерленген басқа да тарихи тұлғалардың рухына тағзым етіп, құран бағыштады. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізіміне енген кесенеді жүргізіліп жатқан кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстарымен танысты. Аймақтағы білім беру, мәдениет және спорт нысандары мен бірқатар кәсіпорындарға атбасын бұрып, өңірде жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобаларды талқылады.

Жанадан бой көтерген «Достық үйін» аралап көріп, жергілікті зиялы қауыммен және Қазақстан халқы ассамблеясының мүшелерімен жүздесті. Мұнда «Қоғамдық келісім» мекемесі, облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы Ардагерлер кеңесі, Аналар кеңесі, Медиация кеңесі және аймақтағы 11 этномәдени бірлестіктің өкілдіктері орналасқан.

– Қастерлі Түркістан жеріне арнайы келіп отырмын. Түркістан өңірінің келешегі жарқын деп ойлаймын. Жастарымызға үлгі-өнеге көрсетіп жүрген ардагерлерге алғыс айтқым келеді. Ең алдымен, жастарға қолдау білдіруіміз

керек. Біз бәріміз бірігіп, ел үшін еңбек етуіміз қажет. Сырттан келетін тәуекелдер аз емес. Ахуалды жақсы білесіздер. Түркістан облысында 50 ұлт өкілі тұрады. Ауызбіршілікті сақтау және елімізді дамыту жолындағы ерен еңбектеріңізге ризашылық білдіремін. Қазақстанда ешқашан ешқандай фобия болған емес, болмайды да. Біз – бірлігі мығым, толерантты, ұстамды әрі еңбекқор халықпыз. Ең бастысы – осы. Сондықтан ынтымағы жарасқан қоғамның іргесін әлі де бекіте түсеміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.


(Жалғасы 2-бетте)

Ғазиза ҚҰДАЙБЕРГЕН,
Ұлттық академиялық кітапхана директоры:

МЕЙІРІМГЕ БӨЛЕНГЕН БАЛАДАН ҚАТЫГЕЗДІК ШЫҚПАЙДЫ

Кітапхана – қоғамның рухани темірқазығы. Еліміздің алпауыт мемлекеттермен терезесі теңесуде аталған саланың рөлі айтарлықтай маңызды күшке ие. Себебі біз іздеген ғылым да, тарих та киелі ордадағы осы бір құнды қағаздардың бетінде таспаланған. Кітап оқу – қоғамдық, әлеуметтік, саяси процестерге әсер ететін басты фактор. Біз таяуда Ұлттық академиялық кітапхана директоры Ғазиза Құдайбергенмен бүгінгі кітапхана саласының ахуалы, оның отбасы институты мен адамдар арасында медиасуаттың қалыптасуына әсері турасында әңгіме өрбіткен едік.

(Жалғасы 8-бетте)



БЕРДІБЕК ӘЛЕМІН БАРЛАҒАН

Биыл – Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығы. Қаламгердің мерейлі мерекесі туған жерінде кең көлемде аталып өтті. Бердібек Соқпақбаев десе, «Менің атым Қожа», еске түсетіні жасырын емес.

→ 9

28 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

БІЗ – БІРЛІГІ МЫҒЫМ, ҰСТАМДЫ ӘРІ ЕҢБЕКҚОР ХАЛЫҚПЫЗ

(Басы 1-бетте)

Қазіргі күні Түркістан ескі мен жаңаны үйлестіре аз күнде адам танымастай түрленіп, көрікті, таза қалаға айналып үлгерді. Бұл ретте Мемлекет басшысы Түркістанға облыс мәртебесін берген еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегі зор екенін атап өтті. Кездесуде Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Созақбай Әбдіқұлов Түркістанның облысқа айналған сәтінен бері болған он өзгерістерге тоқталып, халық саны тығыз орналасқан өңірге мемлекет тарапынан жасалып жатқан қамқорлық үшін алғыс айтты.

Президент қаладағы Мұз сарайын да аралап көрді. Заманауи үлгіде жабдықталған кешенде шорт-трек, мәнерлеп сырғанау және хоккей сияқты қысқы спорт түрлерімен жыл бойы айналысуға қажетті барлық жағдай жасалған. Нысанда Италия, Канада, Германия, Финляндия елдерінде шығарылған қондырғылар орнатылған. Арнайы технология алаңның пішінін өзгертуге мүмкіндік береді. Сол арқылы мұз айдынында бір мезгілде бірнеше спорт түрімен шұғылдануға болады. Қасым-Жомарт Тоқаев Мұз сарайын аралап көріп, балалардың өнерін тамашалады. Сондай-ақ бапкерлермен және спортшылармен кездесті. Президент отандық спортшыларды әрдайым қолдайтынын, жетістіктерін бақылап отыратынын айтып, оларға сәттілік тіледі. Кездесу барысында жергілікті Turan Tigers хоккей клубының спортшылары Мемлекет басшысына команданың жейдесін сыйға тартты. Жалпы, Түркістанды әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарына сай облыс орталығында «Түркістан-арена» стадионы, көпбейінді «Олимпик» орталығы және Бекзат Саттарханов атындағы спорт кешені, «Тұран» футбол академиясының ғимараты бой көтерген. Сонымен қатар 7 теннис корты салынып, жалпы ұзындығы 51 шақырым веложол төселген.

Соңғы жылдары қалада халық саны да жылдам өсіп келеді. Сондықтан да әлеуметтік бағыттың әлеуетін арттыру маңызды саналатыны әу бастан белгілі. Әсіресе, білім беру, денсаулық сақтау салаларында жаңашылдыққа ұмтылу — басты міндет. Қазір облыста «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша 29 мектеп салынып жатыр. Жемқорлардан тәркіленген қаржыға тағы 20 білім беру нысаны бой көтереді. Оның 13-і биыл пайдалануға берілмек. Осылайша, апатты және үш ауысымды мектеп мәселесі толығымен шешіледі. Ғимараты жаңадан бой көтерген мектептің бірі — Білім инновация лицейі. Лицей жаратылыстану-математика бағытын ағылшын тілінде оқытады.



ҰБТ-да оқушылары орташа 112 балл жинапты. Биыл республикалық олимпиаданың қорытындысы бойынша он бірінші орынға тұрақтаған. Мемлекет басшысы Білім инновация лицейінде білім беру процесінің ерекшелігі мен оқушылардың ғылыми-зерттеу жобаларына назар аударды. Мұнда ұстаздар оқушылардың академиялық жетістіктеріне ден қояды. Нәтижесінде, олар республикалық, халықаралық пән олимпиадаларында және спорт сайыстарында үздік атанып жүр. Лицейде бүгінгі күні 500-ден астам оқушы білім алууда.

Президент оқу және үйірме кабинеттерін, спорт залын аралап көріп, оқушылармен әңгімелесті. Мемлекет басшысы еліміздің келешегі жас ұрпақтың қолында екенін айтып, олардың оқуда озат болуына тілектестік білдірді.

Түрленген Түркістанда инвестициялық жобалар қарқыны да ауыз толтырып айтарлық болып тұр. Қасым-Жомарт Тоқаев өңірдегі инвестициялық жобалар шоғырланған SPK TURKISTAN өндірістік паркін аралап көрді. 100 гектар жерге жоспарланған өндірістік парктің құрылысы екі кезең бойынша жүзеге асырылады. Индустриялық алаңның бірінші кезеңінде 30 гектар жер телімі бөлініп, тиісті инфрақұрылыммен және коммуникация желілерімен қамтамасыз етілді. Бастапқыда жалпы құны 96,9 миллиард теңгені құрайтын 29 инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр. Бүгінде инвестиция көлемі 36,5 миллиард теңге болатын 8 өндіріс іске қосылып, 712 жаңа жұмыс орны ашылды.

Ал көкөніс сақтау қоймасында 3,5 мың тонна көкөніс пен 500 тонна бакалея өнімдерін сақтап, Түркістан, Кентау және Арыс қалаларын маусымаралық кезеңде азық-түлікпен қамтамасыз ету көзделген. Жобаны «Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы мен «М-Адал» компаниясы жүзеге асырды. Алдағы уақытта

аймақтағы Ленгір, Жетісай, Шардара, Сарығаш секілді ірі елді мекендерді әлеуметтік маңызы бар азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін Сарығаш қаласынан 2 мың тонналық қойма салу жоспарланған. Осы орайда Президентке өңірде агроөнеркәсіп кешенін дамытудың негізгі бағыттары таныстырылды. Атап айтқанда, облыста ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыруға, су үнемдеу технологияларын енгізуге, жылыжайларды көбейтуге және инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға ден қойылмақ. 2030 жылға қарай өңірде суармалы жерлердің 40 пайызына су үнемдеу технологиялары енгізіліп, аумағы 602 гектарды құрайтын жаңа жылыжай кешендері іске қосылады. Сонымен қатар алдағы үш жылда 105 инвестициялық жобаны жүзеге асыру арқылы 8 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашу көзделген. Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпкерлермен әңгімелесіп, ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру мәселесі жөнінде пікір алмасты.

— Жұмыс өте сәтті жүзеге асырылып жатыр екен. Үкімет өңірге көмек көрсетеді. Түркістан облысының жағдайы жаман емес. Әкім жақсы жұмыс істеп жатыр. Қолынан іс келеді. Сондықтан облыстың келешегі зор деп ойлаймын. Баршаңызға сәттілік тілеймін, — деді Президент.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы су үнемдеу технологиясын енгізудің маңызды екеніне назар аударды. Президент жаңбырлатып және тамшылатып суару жүйелерін шығаратын BNK Group серіктестігінің өндіріс цехтарының жұмысымен танысты. Кәсіпорын америкалық Nelson Irrigation компаниясымен бірлесіп, BNK IRRIGATION сауда белгісімен айналмалы және фронтальды жаңбырлатқыш машиналар өндірісін іске қосқан. Келесі кезекте тамшылатып суару қондырғыларын шығаратын екі зауыт ашуды көздеп отыр.

Президент білім беру мекемелеріне арналған жиһаз шығаратын Aqnet Holding өнімдерін көрді. Соңғы үш жылда компания 50-ге жуық мектепті жабдықтаған. Мұнда «Жайлы мектеп» стандартына сай жиһаздар, KAZMED-PRIBOR компаниясымен бірлесіп, медицина мекемелеріне арналған жабдыктар жасалады. Бұдан кейін Президент тоназытқыш және мұздатқыш жабдыктарын өндіретін Jasyll suuq Qazaqstan кәсіпорнының өндіріс алаңына барды. Өнімдерін Орталық Азия елдеріне импорттап келе жатқан болгариялық UBC Group холдингі Түркістан облысында екі ірі өндіріс желісін ашу жөнінде шешім қабылдаған. Инвестор жобаның бірінші кезеңіне 5 миллион еуро көлемінде қаржы құяды. SPK TURKISTAN аумағындағы өндіріс алаңында 350-ге жуық жұмыс орны ашылады. Ал «Тұран» арнайы экономикалық аймағында іске қосылатын екінші зауытқа 7,5 миллиард теңге инвестиция салынады. Нәтижесінде, айына 10 мыңға дейін тоназытқыш жабдығын шығарып, мың адамды жұмыспен қамту жоспарланып отыр.

Облыс әкімі Дархан Сатыбалдының айтуынша, өңір экономикасының дамуына тын серпін беру үшін 2024-2027 жылдар аралығында жалпы құны 2,5 триллион теңге болатын 145 инвестициялық жобаны жүзеге асыруды мақсат етіп отыр. Нәтижесінде, аймақта 20 мыңнан астам жаңа жұмыс орны пайда болады деп жоспарланған. Инвестиция тарту мақсатында қазір қытайлық Xijiang Lihua (Group) Co.Ltd компаниясымен өңірде мақтаның элиталық сұрыптарын өсіру және тоқыма кластерін құру жөнінде келіссөздер жүргізіліп жатыр. Бұдан бөлек, ірі жобалардың қатарында қуаты 926,5 МВт бу-газ қондырғысының, 800 МВт күн және жел электр стансаларының, Түркістан қаласындағы бес жұлдызды қонақүйдің құрылысы,

дрон және бейнебақылау камералары, газ қазандықтары, тұрмыстық техника, тау-кен және металлургия кешеніне арналған құрылыстар, алюминий бұйымдар өндірісі секілді маңызды бастамалар бар.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Ордабасы ауданының Бадам ауылында орналасқан «Бөрте Милка» ЖШС тауарлы сүт фермасын аралап көрді. 2016 жылы негізі қаланған бұл кәсіпорын Солтүстік Қазақстан облысының тәжірибесі негізінде биыл 403 бас сиыр сатып алды. Нәтижесінде, қосымша 15 жаңа жұмыс орны ашылды. Жобаға мемлекеттен жылдық мөлшерлемесі 2,5 пайыз болатын жеңілдетілген 2,4 миллиард теңге несие берілді. Бүгінде құрылыс жұмыстары толық аяқталды. Ферма DeLaval швед технологиялық кешенімен жабдықталған. Ферма тәулігіне 25 тонна сүт өндірсе, 20-дан астам өнім түрін шығарады. Кәсіпорынның тауары негізінен Түркістан, Қызылорда, Жамбыл облыстарына, сондай-ақ Шымкент, Алматы қалаларына жеткізіледі.

Президент Ордабасы ауданында JNRAY Group серіктестігі биыл іске қосқан тігін фабрикасының жұмысымен де танысты. Аумағы 6 мың шаршы метр болатын жеңіл өнеркәсіп нысанын ашуға мемлекеттік индустрияландыру бағдарламасы аясында 1,4 миллиард теңге көлемінде қаржылай қолдау көрсетілген. Қасым-Жомарт Тоқаевқа фабрикада киім-кешек, төсек жабдыктары және арнайы киім түрлері шығарылатыны жөнінде мәлімет берілді. Бүгінде кәсіпорында 300 адам жұмыс істейді. Келешекте өнім түрлерін көбейтіп, тігіншілер санын 500-ге дейін жеткізу жоспарланған. Қажетті шикізат көршілес Өзбекстан мен Қырғызстан елдерінен жеткізіледі.

Мемлекет басшысы тігін цехын аралап көріп, өнім үлгілерімен танысты.

Тілек ҚАБЫЛ

БАҒДАР

28 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

СӨЗ ЗЕРГЕРІНІҢ ЕСІМІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Ақтау қаласында Халық жазушысы, көрнекті мемлекет қайраткері Әбіш Кекілбайұлының 85 жылдық мерейтойына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Жиынға Мемлекет басшысының тапсырмасымен Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов қатысты.

Жиналған қауым алдында сөз сөйлеген Мәжіліс Төрағасы алдымен Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді.

– Әбіш Кекілбайұлы – төл мәдениетіміздің көкжиегін кеңейтіп, жаңа деңгейге көтерген заңғар жазушы, классик қаламгер. Сөз зергері ерекше дарыны мен телегей-теңіз білімінің арқасында шеберліктің шыңына шығып, теңдессіз туындылар жазды. Әбіш Кекілбайұлы – тәуелсіздігіміздің тұғырын бекемдеп, мемлекеттігімізді нығайтуға өлшеусіз үлес қосқан қайраткер. Ол жоғары лауазымды қызметтерді абыроймен атқарып,

халқына қалтқысыз қызмет етті. Ұлт мүддесін және ел бірлігін қашанда бәрінен биік қойды. Әбіш Кекілбайұлының отаншылдығы, парасаттылығы, білімпаздығы мен еңбекқорлығы – өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге. Оның танымы терең, талғамы мол мұрасы әлі талай буынға рухани азық болары сөзсіз. «Қазақ даласының әр тасы – қағам, әр бұтасы – сәждем» деп, Отанын шексіз сүйген абыз Әбіштің есімін ел жадында сақтау – баршамыздың ортақ парызымыз, – делінген Мемлекет басшысының құттықтау хатында.

Мәжіліс Спикері өз сөзінде Әбіш Кекілбайұлының 85 жылдық мерейтойы



шын мәнінде халықтың мерекесі, ұлттың тойы екенін атап өтіп, Алаш абызының адами болмысын, қайраткерлік қырларын еске алды.

«Әбіш Кекілбайұлы оқулары – 2024» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік

конференцияға Түркия, Мажарстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзербайжан және отандық ғалымдар қатысты.

Сонымен қатар мерейтойға арналған «Әбіш әлемі» халықаралық театр фестивалі өтті.

ХАЛЫҚТЫҚ ШТАБ:

АЭС МАҢҒЫСТАУДА БІРҚАТАР МӘСЕЛЕНІ ШЕШУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штаб мүшелері Маңғыстау облысында болды. Мұнда олар мұнайшылармен, өңір жұртшылығымен бірқатар кездесу өткізіп, Сенек ауылының тұрғындарымен атом энергетикасының өңірге және тұтас елімізге жол ашатын перспективаларды талқылады.



Ақтауда Халықтық штаб мүшелері «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерімен жүздесті. Іс-шараға 150-ден астам адам қатысты. Әңгімелесу барысында Мемлекет басшысы еңбек адамына айрықша басымдық беретіні, олардың арасында ел дамуына өлшеусіз үлес қосып келе жатқан мұнай-газ саласының қызметкерлері ойып тұрып орын алатыны ерекше атап өтілді. Сонымен қатар штаб мүшелері Президент бастамасымен Конституцияға түзетулер енгізілгенін, соған әйкес жер мен оның қойнауындағы қазба

байлық халыққа тиесілі екенін еске салды. Парламент депутаттары жер қойнауын пайдалану туралы жаңа заң қабылдады. Енді елімізде жаңадан ашылған барлық ірі кен орындары ұлттық компаниялардың 50%-ы және одан жоғары үлесімен игерілуге тиіс. Сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушы барлық компания енді қазба байлығы азайып бара жатқан кен орындарында жұмыс жүргізуді жалғастыруға немесе орналасқан аймақты дамытуға қаражат құюға міндетті. Соның нәтижесінде, «ӨзенМұнайГаз» және «Маң-

ғыстаумұнайгаз» компанияларында мыңдаған жұмыс орны сақталады.

«Бәріміз де қуатты, тәуелсіз мемлекетте өмір сүргіміз келеді. Балаларымыздың да осындай елде өмір сүргенін қалаймыз. Сондықтан қазір немісқұрайлық танытып, сыншылардың сөзіне еруге, алыпқашпа әңгімелерге арқа сүйеуге болмайды. Сындарлы көзқарас танытып, ел игілігі жолында батыл шешім қабылдауымыз керек. АЭС – біз айтып отырған батыл шешім. Баршаңызды 6 қазанда референдумға келіп, АЭС құрылысына дауыс беруге шақырамын», – деді Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов.

Сонымен қатар штаб мүшелері аймақтағы ең өзекті мәселенің біріне – ауызсу тапшылығына тоқталды. Мәселен, биыл Форт-Шевченкодәгі су тазарту құбыры стансасының құрылысын аяқтауға 2,5 млрд теңге бөлінді. Сондай-ақ 2025 жылға қарай «Кендірлі» курорттық аймағында жаңа су тұшыту зауыты салынады. «Каспий» су тұшыту зауытын кеңейту жұмысы жалғасуда. Алайда сенімді қуат көзі болмайынша, бұл маңызды жобаларды жүзеге асыру өте қиын.

Өз кезегінде, Ядролық физика институтының директоры Саябек Сахиев Қазақстанда бейбіт атом энергиясын дамытуға қажет жоғары кадрлық, ресурстық және ғылыми әлеует бар екенін мәлімдеді. Сондай-ақ ол әлемде жоғары қауіпсіздік талаптарымен ерекшеленетін III және III+ жаңа буын реакторлары салынып жатқанын айтты.

Сенек ауылында штаб мүшелері жергілікті тұрғындармен өңірдегі өзекті мәселелерді талқылады. Яғни, ауылда жаңа жұмыс орындарын құру, несие алу, жаңа өндіріс орындарын ашу және тағы басқа. Мемлекет «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында ауыл тұрғындарына жеке кәсіп ашу үшін 2,5%-дық қомақты қаражат бөледі. Алайда жаңа бизнесті жүйелі жүзеге асыру үшін сенімді электр қуаты қажет.

Осы мәселелерді АЭС салу арқылы шешуге болады.

Осы күні Халықтық штаб мүшелері Маңғыстау облысы жұртшылығының өкілдерімен және өңірдегі белсенді азаматтармен кездесті. Олар өңір экономикасын әртараптандыруға, инвестиция ағынын ұлғайтуға және жаңа жұмыс орындарын құруға қабілетті жоба ретінде АЭС құрылысының маңызын талқылады. Штаб мүшелері Қазақстан жыл сайын миллиардтаған кВт/сағ электр энергия импорттайтынын еске салды. Жыл өткен сайын бұл көрсеткіш артып келеді. Сондай-ақ Маңғыстау облысы ең жоғары жүктеме кезінде шетелден электр энергия сатып алады. Энергия тапшылығына байланысты көптеген перспективалы өндірістер тек қағаз жүзінде қалуда. Осы мәселелерді АЭС шешеді. Бүгінде Маңғыстауды еліміздің бірыңғай энергия жүйесіне қосу жұмысы жүргізілуде. Яғни, болашақта батыстағы барлық облыс бейбіт атом энергиясының игілігін көре алады.

Штаб мүшелері атом энергетикасы – жалпыәлемдік үрдіс екеніне облыс тұрғындарының назарын аударды. Бүгінде дәл осындай жолды экономикасы дамыған елдердің басым көпшілігі тандады. Олардың қатарында АҚШ, Франция, Қытай және өзге де мемлекеттер бар. Мәселен, Бельгия жауып тастауды жоспарлап қойған екі реактордың қызмет ету мерзімін 10 жылға ұзартуда. Жуырда Түркияда АЭС құрылысы аяқталды. Биыл Өзбекстан атом станциясын салу туралы шешім қабылдады.

Жалпы, маңғыстаулықтар атом электр стансасы құрылысына жоғары қызығушылық танытып, Мемлекет басшысының реформаларын қолдауға дайын екенін жеткізді.

Дайындаған: «Nur Media» ЖШС.
Тапсырыс беруші: М.Ж.Оспанов
«AMANAT» партиясы» ҚБ
қаражаты есебінен төленді

28 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

ӨЗАРА СЕНІМ – ЖЕТІСТІК КЕПІЛІ



**Наурызбай
БАЙҚАДАМОВ,**
Парламент
Сенатының депутаты

Еліміз үшін маңызды шешім қабылдау кезеңінде тұрмыз. Эмоцияға берілмей, байсалды әрекет жасап, дұрыс шешімге келудің басты жолы – ақылдасу. «Игі жақсылардың басы қосылса, ақыл арнасы ағытылады» деген сөз бар.

Бір жыл көлемінде атом энергетикалық стансасын салу-салмау жөнінде жалпыхалықтық талқылау жүрсе, енді нақты шешім қабылданар алдында жан-жақты пікір алмасу жүріп жатыр. Пікір айту оңай. Оны терең біліп айту қиын. Ол бәрімізге бірдей құқығымызды қолдана алуға мүмкіндік беретін әділетті орта қалыптастыруға тиіс. Бұл жағдайда басты мәселе, халық пен биліктің өзара сенімі керек. Сенім факторы – қоғам өркендеуінің басты тетігі. Яғни, кез келген қоғамның даму деңгейі – сенім деңгейіне байланысты. Адамдардың өзара сенімі, оның ішінде ел азаматтарының өз билігіне деген сенімі өте маңызды. Ал бұл тұжырым, ар-ұятты жанынан, ортақ елдік мүддені бәрінен жоғары қоятын қазақ ұлты үшін ап-анық түсінікті нәрсе. Заманымыздың ойшылдарының бірі, саяси экономист, философ Франсис Фукуяма: «Сенім көрсеткіші жоғары елдер қоғамдық дамудың жоғары сатысында» деп бағалайды. Қоғам дамысын, әділеттілікке басымдық берілсін десек, сенім мен адалдық үстемдігіне ұмтылайық. Мемлекетке бізді басқаруға мүмкіндік бердік. Сол сенімге мемлекет те селкеу түсірмеуі керек. Өйткені сенім, тұрақтылық қоғамның басты құндылығы болуымен қатар мемлекеттік басқарудың да басты базисі. Сенім болмаған жерде тиімді басқару да болмайды. Дұрыс дамымаған ел болмайды, дұрыс басқарылмаған ел болады. Биліктің бірден-бір бастауы – халық. Дұрыс шешім қабылдай алмақ кімге өкпелейміз? Ал мемлекеттің басты міндеті – азаматтардың қажыр-қайратын мемлекеттік мәселеге бұру.

Қашанда саяси және экономикалық мәселелер бір-бірін толықтырып отырады. Еліміздегі саяси реформалардың ренесансы кезінде тұрғындардың өмір сапасын арттыруға тікелей қатысты, халықтың талабымен санасатын экономикалық қаты-

настар қажет. Бұл қазақ қоғамының алдындағы бірінші міндет деп айтсақ артық болмас. Яғни, экономикамыздың біздің жеке өміріміздегі көрінісі мен әсерін нақты сезіне алсақ, сенімнің арта түсері анық. Әрбір мемлекет халықаралық қатынастарда өзін мойындату үшін күресуде. Өткен ғасырларда мойындатудың құралы кантөгіс соғыс болды. Қазір экономиканың материалдық игіліктерді қамтамасыз етуден басқа үлкен қызметі – мойындату. Ол үшін қоғамдық қолдау арқылы тұрақты экономикалық даму жолында болуымыз керек. Экономикалық даму белгілі бір жағдайда тікелей энергия көздеріне байланысты. ХХІ ғасырдағы өркениеттік қатығыстардың басым көпшілігі энергия көздері үшін болуда. Энергия дербестігінсіз, экономикалық дербестікте толыққанды бола алмаймыз, басқаны мойындата алмаймыз. Біз күш көрсетіп абырой таппаспымыз анық. Ал экономикалық жетістік арқылы өз орнымызды ойып алу – біз үшін зор мүмкіндік. Ол екінші жағынан ел игіліктерінің тек қазақстандықтар арасында тең игерілуіне оң әсер етеді. Бүгінде саяси және экономикалық институттарды барынша өзара үйлесімді етудің қадамдары жасалуда. Соңғы жылдардағы Жолдаулардың басты ұстанымы осыған саяды. Мемлекет басшысы барлық стратегиялық шешімді халық арқылы қабылдауымызды талап етуде. Оның басты тетігі – конституциямызда анықталған референдум әдісі. Президент бұл бастаманы аспаннан алып көтерген жоқ. Билік басшысының бірінші міндеті – елін аман сақтау, дамуын қамтамасыз ету. Президенттің болашақта жаман атымен қалмас үшін тарих алдындағы жауапкершілігі одан да зор. Кезінде басшылардың трибунадан айтқан сөзін заң сияқты қабылдаған уақытты да көрдік қой. АЭС жөніндегі референдум қорытындысы халық пен биліктің өзара сенім көрсеткіші болары анық.

Әрине, билік шындықты көргісі келмейді деген пікірлер жеткілікті. «Шындық» көп, ал ақиқатын қалай ажыратамыз? Осыған сәйкес, референдум тақырыбына сенімсіздік білдірушілердің болуы заңдылық. Оған ешкім ренжімеуге тиіс. «Ашық қоғам» тұжырымдамасының да мәні осында. Бірақ биліктің мәні де бүкпесіз шындықты көре-білуде емес, шындықты ортақ құндылықтарға қызмет етуге дұрыс бағыттай білуінде. Жалпыхалықтық мәселе жөнінде жарып сөйлегеннен гөрі байыбына барып сөйлеген дұрыс. Кейбір адамдар ашық қарсылық білдірсе, кейбірінің іштей қарсы көзқараста екені де анық. Өйткені дұрыс пен бұрыс түсінігі әр адамның өзінің шектеулі көзқарасының негізінде қалыптасатыны психологиядан белгілі.

Адамның қоғамдағы құндылығы оның кәсіби білімімен анықталады. Ендеше билікті де білімді мамандардың пікіріне құлақ асайық. Біздің міндетіміз – алдағы даму бағытымызды болашақта алар орнымыздың талабынан анықтауымыз керек. Мемлекет басшысы – игі елдік саясатты қалыптастырушы, бастамашысы. Ал билікке қоғамдық мүддені нығайту тетігі ретінде қарауымыз керек деп ойлаймын. Адамдардың дер кезінде уақыт талабына сай бағдарлануы саясатты қалыптастыруға нақты әсер етеді. Жалпыхалықтық талқылау жыл бойы жүрді. Жұртшылық осының негізінде біршама бағыт-бағдар алды. Атом энергиясы болашақтың энергиясы екенін мойындамақша шара жоқ. Энергетика көздері әлемдік тәртіпке әсер ете алатын факторға айналуға сонымен қатар да АЭС салу арқылы энергия тапшылығын барынша азайту үшін дұрыс шешімнің қабылдануы бәріміз үшін маңызды.

АДАЛ ІСІМЕН КӨПКЕ ҮЛГІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткен «Адал азамат» тұжырымдамасының бір тарауы сол еңбек адамынан басталады. Адал азамат дегеніміздің өзі – жақсы қасиеттерге ие болып, адал еңбек ететін және табысқа адал жолмен жететін адам. Яғни, адалдық пен әділдікті бәрінен биік қоятын жан.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы

«Озық ойлы ұлт болу үшін бүкіл қоғам сана-сезімін өзгертіп, жаңа құндылықтарды орнықтыруы керек. Әрбір адам «Адал азамат» деген атқа лайық болса, елімізде әділ қоғам орнайды. «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Осы үш тағанды озық әрі табысты елге айналуың басты кілті деуге болады», – деп атап өтті Мемлекет басшысы өз сөзінде.

Қыркүйек айының соңғы жексенбісінде аталып өтетін Еңбек күні қарсаңында біз де елімізге сіңірген еңбегімен, адал қасиеттерімен танылып жүрген нағыз маңдай тер, адал еңбектің наным жеп жүрген жандар жөнінде, қарапайым еңбек адамы жайлы айтсақ деген едік. Пайызхан Есалиев Түркістан облысы Арыс қаласындағы Арыс локомотив пайдалану депосында вагон қабылдаушы болып жұмыс істейді. Алғашқы еңбек жолын осында бастап, табан тірмей ширек ғасырдан аса еңбек етіп келе жатқан нағыз қара күштің иесі.

Құрамында локомотивтерге техникалық қызмет көрсету пункті, құммен жабдықтау қоймасы бар Арыс локомотив пайдалану депосының ғасырдан астам тарихы бар. Арыс-Тараз-Арыс және Арыс-Сарыағаш-Арыс бағытында жүк тасымалдау қызметтерін атқаратын қызмет көрсету ауқымы кең депода Пайызхан Қожанұлының өзімен бірге әкесінің де талай жылғы еңбек ізі жатыр. «Орталық Азия қақпасы» атанған Арыс қаласында теміржолшы отбасында туған оның әкесі осы депода жұмыс істепті. Құрметті теміржолшы атанып, айнала-сына сүйкімді болған жанның ұлы да әкесіне еліктеп өскен. Өскенде мен де теміржолшы боламын деген қиялы оны ақыры осы салаға жетектеп келіпті. Алғашқы еңбек жолын сонау 1986 жылы слесорлықтан бастап, вагон жөндеу бойынша бригадир, доңғалақ цехтың

шебері баспалдақтарынан өтіп, қазір Арыс локомотив пайдалану депосының вагон қабылдаушысы қызметін атқарып жүр. Таңғы 9-да басталатын жұмыс кешкі 9-ға дейін жалғасады. 12 сағат жұмыс кестесімен вагондардың жөндеу жұмыстарын қадағалайды. 5 бөлшектен тұратын вагондарға әр 3 жыл сайын күрделі жөндеу жұмыстары жүреді. Ал Пайызхан Қожанұлы осынау вагондардың сапалы қызмет етуі үшін келген вагондарды қабылдап, оны ары қарай жолдауды жауапкершілікке алған.

Арыс қаласының тоғыз жолдың торабы атануы да тектен-тек емес. Мұнда жолаушылар төрт тарапқа кетеді. Орталық Азия мен Қазақстанды біріктіріп тұрған ірі станса бар, тоғыз жолдың торабы аталуы да сол себептен. Сондықтан болса керек, халқының басым көпшілігі шойын жол саласында қызмет етеді.

Бүгінде 5 ұл-қыз тәрбиелеп, әрқайсысының өз жолын тауып кетуіне себепкер болып отырған отағасының ұжымында да абыройы асқақ. Адал еңбек, маңдай терін бағалаған ұжымдастары оны бірнеше марапатқа ұсынған. Арыс локомотив пайдалану депосының пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін сақтауды арттыруға қосқан үлестері үшін Президенттің алғысхатымен, министрліктің және облыстық, аудандық деңгейдегі билік өкілдерінен марапаттар алған. «Ұжымда ауыз-біршілік мол, менікі, сенікі демей кез келген жұмысты бір кісідей атқарып, бір-біріне қолдау көрсетіп тұрады. Осындай ұжыммен жұмыс істегеніме қуаныштымын. Жұмысым өзіме ұнайды», – дейді Пайызхан Қожанұлы бізбен әңгімесінде.

Мемлекет басшысы «Біз құрып жатқан жаңа қоғамда еңбек адамы ең бірінші орында тұруы керек» деген ұстанымын қолдау мақсатында біз де жұмысшылардың тыныс-тіршілігіне үнілдік. Қарапайым азаматтар күнделікті өмірде көрсетіп жатқан іскерлік, еңбекқорлық қасиеттер шын мәнінде біздің отаншылдық рухымызды көтереді деген сенімдеміз.



ТҮЙТКІЛ

28 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

Бүгінде әлем халқының қартаюуы қарқын алғанын көреміз. Дегенмен көптеген елдер мұндай ауқымды әрі жылдам жүріп жатқан демографиялық өзгерістерге дайын емес. Дүниежүзілік банк мәліметтеріне сүйенсек, 2050 жылға қарай жер шары тұрғындарының кемінде үштен бірін 60 жастан асқан азаматтар құрамақ. Сондықтан мемлекеттер осы тектес демографиялық толқыннан туындайтын мүмкіндіктер мен қиындықтарға бейімделгені абзал. Себебі қартаюушы халықтың әсері еңбек нарығына, миграцияға және әлеуметтік саясатқа ықпал етеді.

А **Кәмила**
ЕРКІН

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сүйенсек, 2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша Қазақстандағы зейнеткерлер саны 2,4 миллион адамға жеткен. Ranking сараптама орталығы осы деректерді негізге ала отырып, елдегі орташа жиынтық зейнетақы мөлшері — 132 110 теңге, оның ішінде ынтымақты зейнетақы — 89 479 теңге, базалық зейнетақы — 42 631 теңге деген қорытынды шығарып отыр. БЖЗК мәліметтері бойынша, елдегі өмір сүру ұзақтығы және қарт адамдардың үлесі 2021 жылы пандемияның әсерінен 70,23 жасқа дейін төмендегеннен кейін, өткен 2023 жылы 75,09 жасқа көтерілген. Қор мен БҰҰ ұсынған деректерге сүйенсек, 2050 жылға қарай демографиялық қартаюу деңгейі жоғарыламақ. Өйткені өмір сүру ұзақтығы артуда. Мысалы, 60 жастан асқан адамдардың үлесі 2008 жылы 9,7% болса, 2023 жылы 13,6%-ға жетті. Ал 2050 жылы 16,7%-ға жетпек, яғни 2050 жылы орташа есеппен әр алтыншы қазақстандық 60 жастан асқан болады.

Зейнетақы қоры осыған дейін Қазақстандағы экономикалық белсенді жастағы (25-64 жас) адамдар мен зейнеткерлер (65+) арасындағы қатынас 2012 жылы 7,7-ден 2023 жылы 5,49-ға төмендегенін мәлімдеген болатын. Ал мекеменің болжамдарына сәйкес, бұл коэффициент 2050 жылға қарай шамамен 4,0-ге дейін төмендейді. Демек, бұл жұмыс істейтін халыққа «жүктемені» арттырады.

«Қазіргі демографиялық трендтер мен ұзақмерзімді тәуекелдер қоғамда зейнеткерлермен қамтамасыз ету мәселесін тудырады. Бұл міндетті жинақтау зейнетақы жүйесі шешеді, ол азаматтарға еңбек қызметі барысында табыстарына сәйкес өздерінің зейнетақы жинақтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл мемлекеттік бюджетке жүктемені азайтуға және болашақта зейнетақыларды арттыруға септігін тигізеді», — деп атап өткен БЖЗК есебінде.



ҚАРТАЙҒАН САЙЫН ОРТАЯДЫ

Сонымен қатар қор өкілдері зейнетақы жүйесіндегі жинақтау компонентін дамыту мен нығайту оның тұрақтылығын және демографиялық өзгерістерге бейімделуін қамтамасыз етудің басты факторы екенін алға тартуда. Ал осы тектес тәуекелдерге төтеп беру үшін Әлеуметтік кодексте 2024 жылдан бастап жұмыс берушілер үшін 5% міндетті зейнетақы жарналарын кезек-кезеңімен енгізу қарастырылған.

Ал тәуелсіз сарапшы, экономист Бауыржан Ысқақовтың айтуынша, әлеуметтік саланың мемлекеттік бюджетке түсіретін салмағын төмендетудің жалғыз амалы — халықтың нақты табысын арттыру. Сондықтан зейнет жасының ұлғаюына түбегейлі қарсылық танытпас бұрын оның экономикаға кері салдарын әбден саралап алған абзал.

— Территориясы жағынан әлем елдері арасында алғашқы ондыққа кіретін Қазақстан үшін халық санының өсімі ЖІӨ-нің тез ұлғаюына, экономикалық белсенді халықтың жұмыс жасауына және бәсекелестік қабілеттілігіміздің артуына оң ықпал етеді. Біздің жер аумағымызда кем дегенде 70 млн халық болуы керек. Яғни, әскери, азық-түлік қауіпсіздігімізді толыққанды қамтамасыз ете алу үшін халық санының жоғары болуы өте пайдалы. Өйткені әлемдік ірі брендтер жұмыс күші арзан болғандықтан, бірінші кезекте осындай елдерге инвестиция салуда. Көршілес Өзбекстанмен салыстырғанда, инвесторлардың таңдауы да кейде халық саны жағынан басым түсетін осы елге ауып кетіп жатады, — дейді ол.

Сарапшы зейнеткерлер санының ұлғаюу мәселесіне қатысты оң көзқараста екенін жеткізді. Оның себебі қазірдің өзінде еліміз әлеуметтік салаға мемлекеттік бюджеттің жартысынан астамын жұмсап отыр.

— Қазір елімізде 60 жастан асқан азаматтардың үлесі — 12 пайыз. Ал БҰҰ ақпараттары бойынша, әлемдік статистикада халық ішіндегі қарт адамдардың саны 7 пайыздан асса, ол елді «қарт мемлекет» деп айтуға болады. Осыны негізге алар болсақ, қарттар санының ұлғаюуы экономикаға өсім бермейді. Себебі зейнеткерлікке шыққаннан кейін олардан жеке табыс салығы ұсталмайды. Сонымен қатар мұнда тенденция арқылы инновацияны дамытуға, қандай да бір технологияларды көтеруге дем бере алмаймыз. Керісінше, бұл жұмыс күшінің азаюына

алып келеді. Зейнеткерлер саны көбейген сайын елдің әлеуметтік шығындарының да артатыны белгілі. Дәл қазіргі кезде мемлекеттік бюджеттің 60 пайызға жуығы әлеуметтік шығындарға бағытталғандығының өзі де осының бір көрінісі деуге болады. Бұл өте үлкен көрсеткіш және бюджетке түсіп отырған салмақ. Біздегі бюджет кірісінің тек қана 60 пайызын салықтар, 10 пайызын төлемдер құрайды, қалған 30 пайызын, яғни бюджет дефицитін Ұлттық қор қаражатынан жауып отырмыз. Сондықтан зейнетке шығу мәселесін қозғағанда осындай экономикалық зардаптарын да таразылауымыз қажет, — дейді экономист.

Ал зейнеткерлердің жасын көтеру үшін олардың жағдайын жасау қажет деп есеп-

үлесін 65-70 пайызға жеткізуіміз қажет. Ал ең төменгі жалақыны қазіргідей 85 мың теңге емес, орташа жалақының 1/3 бөлігіне, яғни 150-160 мың теңге мөлшерінде қалыптастыратын болсақ, азаматтардың зейнетке шыққаннан жұмыс істеуі, табыс табуы тиімді болмақ. Сол арқылы бюджетке түсетін салықтық түсімдер де, еңбек өнімділігі де, инновация да барлығы қалыпқа келеді. Осындай қажетті көрсеткіштермен ғана біз зейнеткерлік мәселесіндегі еңбек өнімділігін арттырамыз деп есептеймін, — дейді ол.

Сонғы уақытта бюджеттен әлеуметтік салаға бөлінетін қаражат көлемі артқанын Finprom сараптама орталығы да растайды. Мысалы, 2024 жылдың қаңтар-маусым айлары аралығында Қазақстанның мемлекеттік бюджетінен әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамсыздандыруға 3 трлн теңге жұмсалған. Бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 15,4%-ға көп. Осы уақыт аралығында сектордың мемлекеттік бюджет шығыстарының жалпы көлеміндегі үлесі 22,8%-ды құраған.

«Ал бытыр мемлекеттік бюджет шығыстары әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамсыздандыруға 5,3 трлн теңге болды. Осы мерзім ішінде жергілікті бюджеттердің әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамсыздандыруға жұмсаған шығыстары 319,4 млрд теңгеге жетті. Бұл өткен жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 14,3%-ға көп. Аймақтық бөліністе, секторға жұмсалған шығыстар бойынша ең көп қаржы Түркістан облысына бағытталған: 33,9 млрд теңге. Екінші және үшінші орында Алматы (26,5 млрд теңге, жылына 12% өсім) және Астана (20,5 млрд теңге, жылына 25,1% өсім) қалалары бар. Әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамсыздандыруға жұмсалған шығыстардың жылдық ең үлкен өсімі Солтүстік Қазақстан облысында тіркелді: 57,7%, яғни 14,5 млрд теңгеге дейін. Сектордағы шығыстардың қысқаруы тек 20 өңірдің 3-інде — Түркістан, Алматы және Жамбыл облыстарында байқалды», — делінген баяндамада.



Зейнетақы қоры осыған дейін Қазақстандағы экономикалық белсенді жастағы (25-64 жас) адамдар мен зейнеткерлер (65+) арасындағы қатынас 2012 жылы 7,7-ден 2023 жылы 5,49-ға төмендегенін мәлімдеген болатын. Ал мекеменің болжамдарына сәйкес, бұл коэффициент 2050 жылға қарай шамамен 4,0-ге дейін төмендейді. Демек, бұл жұмыс істейтін халыққа «жүктемені» арттырады.

тейді Б.Ысқақов. Оның пікірінше, қызмет орнының өмір сүруге қолайлы болуы, денсаулығына зиян келтіретін факторларды азайтуға назар аударар болсақ, кейбір мемлекеттер секілді 65 жасқа дейін жұмыс істетеу мүмкіндік бар.

— Оның барлығы біздегі еңбек өнімділігі мен жұмыспен қамтамасыз етудегі көптеген мәселелерді шешумен айқындалады. Сол үшін біз бірінші кезекте зейнеткерлердің жасын азайтамыз дегенде оның үлкен экономикалық зардабы бар екенін ескеруіміз керек. Сол үшін де бұл Қазақстанның экономикалық мүмкіндігі спецификасы, инвестициялық кірістілік, салықтық түсімдердің үлесі сияқты параметрлердің базасында есептелуі керек. Менің жеке пікірім бойынша, еңбекке жарамды азаматтардың үлесін арттырып, орта таптың қалыптасуына жағдай жасауымыз қажет. Орта тап — 700 мыңнан бастап 1 млн 200 мың теңге аралығында жалақы алатын азаматтар. Олардың еңбекке жарамды азаматтардың ішіндегі

Бүкіләлемдік экономикалық форум зерттеуінде өмір жасы ұзарған сайын адамдар қажеттіліктен немесе өз қалауымен ұзақ жұмыс істеуіне тура келетінін жазған. Сонымен қатар 50 жастан асқан жұмысшылар үшін жұмысқа орналасу бойынша қолжетімді әрі тиімді ұсыныстар жоқ екендігін айтады. Яғни, қарттардың жұмыс істеуіне арналған бағдарламалар немесе бастамалар бар болса да, әзірлеу барысында жұмысшылардың пікірлері мен қажеттіліктері ескерілмейді. Бір сөзбен айтқанда, «жоғарғы деңгейден төмен қарай» принципі арқылы жүзеге асырылады. Ал Дүниежүзілік банк сарапшылары мұндай жағдайды дұрыс басқару үшін еңбекке қабілетті халықтың денсаулығы мен әл-ауқатына инвестиция салу қажет деп есептейді. Ең маңыздысы — қант диабеті, тыныс алу аурулары, жүрек аурулары, қатерлі ісік және депрессия сияқты жұқпалы емес аурулардың алдын алу және оларды уақытылы әрі тиімді бақылау.

АЙМАҚ

28 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

Теріскей аймақтарда халық санының жылдан-жылға азаюы тоқтар емес. Жыл сайын ондаған ауыл карта бетінен мүлдем сызылып жатыр. Соның салдарынан, әсіресе ауылды аймақтарда халық санының шамадан тыс азайып, қирандыға айналғаны көңіл қынжылтады. 2017 жылдан бастап қолға алынған «Оңтүстіктен солтүстікке көшу» мемлекеттік бағдарламасының тиісті нәтиже бере алмағаны да мемлекеттік мінберлерден талай мәрте айтылды. Дегенмен «Көш жүре түзеледі» деген қағиданың іс жүзінде көңілдегідей жүзеге аспай жатқаны ақиқат...

КӨШ ЖҮРЕ

ТҮЗЕЛМЕЙ ТҰР

А Абзал
АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Халқының саны азайып, солтүстік шекараға жақын ауылдары жапан түзге айналып бара жатқан аймақтардың бойына қайта қан жүгірту мақсатында мемлекеттік бағдарлама 2017 жылдан бастап қолға алынған. Әсіресе, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қостанай және Ақмола облыстарындағы халықтың негізінен урбандалудың ағынымен қалалы елді мекендерге қоныс аударуы, сонымен қатар басқа шетелдерге қарай көшуінің салдары кері ықпалын тигізген.

Қаңырап қалған ауылдарда халықтың үдере көшуі теріскей аймақтардың экономикалық әлеуетін де едәуір төмендеткені сөзсіз. Мәселен, тек Солтүстік Қазақстан облысының халқы 2000 жылдан бері ғана 170 мыңға азайғаны байқалған. Яғни, тұтас бір ірі қаланың халқы жоқ болды деуге болады. Бір ғана Ақмола облысында соңғы бес жылдың ішінде 13 ауыл түп орнымен жойылып кеткен. Сөйтіп, шекаралық аймақтардың жаппай жалаңаштана бастауына жол ашқан.

Бұл орайда оңтүстіктен солтүстікке халықты қоныстандыру бағдарламасының іс жүзінде жүзеге асырылуында да бірқатар аса

өз жұртына кетіп қалуы — осыған дәлел.

Екіншіден, мемлекеттік бағдарламаның қомақты қаржысының жергілікті жауапты органдарда жемқорлықтың салдарынан «Бармақ басты, көз қыстымен» жымқырылғаны да мемлекеттік көш бағдарламасының орындалуына кері ықпалын тигізген. Атап айтқанда, елдің Бас прокуратурасы жүргізген талдау қорытындысына сенсек, оңтүстіктен ерікті түрде солтүстік өңірлерге көшу бағдарламасын жүзеге асыруға бөлінген мемлекет қаржысының талан-таражға салынуының аса зор фактілері дәлелденген. Халықты жалған түрде көшіру жолымен 1 миллиард теңгеден астам мемлекет қаржысының ұрланғаны жарияланды.

Бұл жайлы газетіміздің өткен санында тарқатып жаздық.

Оған қоса, теріскей аймақтарға алғашқылардың бірі болып қоныс аударып, оңтүстіктен көшіп келушілерге барынша көмегі мен кеңесін беріп жүрген азаматтар да бағдарламаның әуелден тиісті түрде зерттеп-зерделенбей жүзеге асырылғанын алға тартады. Оның ішінде, әсіресе өңірге қажетті болып отыр-

нымен, іс жүзінде барынша қолдау көмектің беріліп жатқанын айтады.

— Өз басым дәл биылғы жылы көшіп келген адамдардың қайта кетіп қалғанын естімедім. Биылғы квотаға сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысына 2 900-ден сәл аса адам келуі керек. Бағдарлама бойынша 258 мың теңге көлемінде әр жан басына қаражат беріліп, сатып алынатын үйдің 50 пайызын мемлекет төлейді. Қазір 2000-ға жуық адам көшіп келіп, 70 пайызға орындалды. Оларға

Соңғы бес жылда Бәйтерек, Чапаев, Подгорное ауылдарында көшіп келген адамдарға бағдарлама бойынша үйлер құрылысы басталған. Бәйтерек ауылына келген қандастар мен оңтүстіктен келген 9 отбасына 9 үй, Подгорное ауылында көшіп келген 37 отбасына 37 үй, Чапаев ауылында 24 үй салынды. Бүгінде біздің ауылдық округте жалпы саны 80 отбасы, яғни 320 адам көшіп келді. Дегенмен Чапаев ауылында 9 отбасының кері көшіп кетуінен қазақ тілінде оқытатын сыныптардың жабылу қаупі төніп тұр. Оңтүстіктен көшіп келген азаматтарды қабылдауға әрі олардың осында қалып жұмыс істеуіне мол мүмкіндік бар, — дейді Қызылжар ауылдық округінің әкімі Ринат Шұғайыпов.

Бұл уәжбен кезінде өзі осы мемлекеттік бағдарлама аясында теріскейге көшіп келіп, бүгінде Бугровое ауылдық округінің әкімі атанған Нұрсұлтан Хуатов та келіседі. Ол аймақта жұмысшы маман кадрлардың аса тапшы болып отырғанын тілге тиек етіп, өз кезегінде теріскей аймаққа келетін азаматтарды қабылдауға әзір екенін жеткізді.

— 2019 жылы Түркістан облысы Арыс қаласында болған апаттан кейін отбасымды алып Пресновка ауылына көшіп келдім. Мамандығым бойынша ветеринарлық стансада еңбек еттім. Кейін Подгорное ауылына көшіп келіп, Бескөл құс фабрикасына мал дәрігері болып орналастым. Осы жылы Бугровое ауылдық округіне сайлау арқылы әкім болып сайландым. Оңтүстіктегі жерлерімізді теріскейге қоныс аударып, өңір экономикасын көтеруге шақырамын. Мұнда 30 мыңнан астам егістік алқаптың 13 мың гектарына егін себіледі. Қазір тек «Шағала Агро» холдингінің өзіне агроном, механизатор, инженер, есепші сияқты 100-ден аса жұмысшы қажет болып отыр. Мәселен, малшы болып келсе, 1 миллион 200 мың теңгеге дейін жалақы алатын мүмкіндік бар. Яғни, көшіп келетін адамға қолайлы әлеуметтік жағдай қарастырылған. Бугровое ауылдық округі маңайдағы басқа ауылдарға



ты қаражат беріледі деген қате түсінік бар. Бірақ іс жүзінде қаражат аса мәз емес. Адам басына 260 мың теңгеге жуық қаражат беріледі. Мемлекет үй алуына 50 пайыздық сомада көмектесуімен шаруа бітті деп санайды. Ал іс жүзінде келген азаматтардың осындағы халықпен араласып кетуі, рухани әрі моральдық көмек бағдарламада қарастырылмаған. Сонымен қатар бағдарлама аясында көбіне мұғалім, дәрігер сияқты мамандар келіп жатады. Ал іс жүзінде осы теріскей өңірдің табиғаты мен жерінің құнарлығын пайдаланып, экономика-

біз білім-біліктілігі туралы ақпарат алып, алдын ала қандай елді мекенге көшіп барғаны әрі не істеу қажеті жөнінде кеңес береміз. Көп жағдайда алдын ала білмей келіп, қиналып жататындар бар. Әрине, бірінші кезекте бөтен елге көшіп келгендіктен, ол азаматтардың жинақтаған белгілі бір қоры болуға тиіс, — дейді Әнуар Токпанов.

Қоныстанушылардың кері қарай кетіп қалу себебін одан әрі анықтау мақсатында жекелеген ауылдардағы жағдай мен табыс деңгейін байқамақ болдық. Күнгейден келген азаматтар көбірек қоныстанған елді мекендердің бірі — Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Қызылжар ауылдық округі. Бүгінде 3 200 адам тұра-



үлкен кемшіліктің жіберілгені байқалады. Өйткені теріскей облыстарға келгенімен, араға аз уақыт салып өз еліне қарай кетіп жатқаны бағдарламаның әлі де болса ескерілмей қалған шикі тұсының барын аңғартады. Мәселен, көшіп келген күнгейлік азаматтарды қоныстандыру аса үлкен көлемде түрде жүргізіліп жатқан Солтүстік Қазақстан облысында тек былтырғы жылдың өзінде 4 мыңға жуық адамның қайтадан

ған мамандарды тартудың аса ақсап тұрғаны айтылмай қалмады. Теріскейге жұртқа сіңісіп, халықты солтүстікке қоныстандыру әрі қазақыландыруға белсенді түрде кірісіп жүрген азаматтың бірі — Бурахан Даханов «Оңтүстіктен солтүстікке көшу» бағдарламасының бірнеше кемшін тұсын атап өтті.

— «Оңтүстіктен солтүстікке көшу» мемлекеттік бағдарламасымен көшіп келгендерге қомақ-

сын өркендетуге мүмкіндік беретін малшы, механизатор, жылқышы, егінші, бизнес ашамын деген азаматтардың келуіне көбірек мүмкіндік берілгені жөн, — дейді Бурахан Даханов.

Солтүстік Қазақстан облысында теріскей аймаққа қоныс аударушыларға арнайы кеңес беру орталығын ашқан Әнуар Токпанов керісінше бағдарлама бойынша келіп жатқан азаматтардың қарқыны баяулаға-

Мәселен, малшы болып келсе, 1 миллион 200 мың теңгеге дейін жалақы алатын мүмкіндік бар. Яғни, көшіп келетін адамға қолайлы әлеуметтік жағдай қарастырылған.

тын ауылдық округте жалпы саны 6 ауыл бар. Ауылдарда ірілі-ұсақты 23 шаруа қожалығы 30 мың гектардан астам алқапқа егін егеді. Негізінен, астық өндірумен айналысатын ауылдардың әлеуметтік жағдайы да біршама тұрақты. Ауыл әкімі көшіп келген адамдарды жұмыспен де, баспанмен де қамтамасыз етудің жолға қойылғанын атап өтті.

—Тек 2009-2011 жылдардың өзінде 244 үй салынып, «Нұрлы көш» бағдарламасымен 200 қандас отбасы қоныстанды. Бәйтерек ауылында ірі ауыл шаруашылығымен айналысатын «Элита СК» фирмасы жұмыс істейді. Жылыжай арқылы көкөніс өсіріліп, өнімдер облыстан тыс жерлерге де шығарылып жатыр.

қарағанда жағдайы анағұрлым бай ауылдардың қатарында. Сондықтан күнгейден көшіп келетін отбасыларды шақырамын, — дейді Нұрсұлтан Хуатов.

Расында да, «Оңтүстіктен — Солтүстікке» мемлекеттік бағдарламасының іс жүзінде жүзеге асырылуында жоғарыда аталғандай бірқатар аса маңызды мәселенің ескерілмей қалуы «теріс сальдо» болуына алғышарт болған сияқты. Бұл орайда құзырлы министрлік пен жергілікті атқарушы органдардың өткен кәсіпкерліктерді ескере отырып, бағдарламаның іс жүзінде жеміс беруі үшін жан-жақты талдап келген адамдардың түпкілікті қалуына жағдай туғызатын өзгерістер енгізуі жөн болар деген ойдамыз.

АЙҚЫНДАМА

28 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ • ЦЕНТРАЛЬНАЯ КОМИССИЯ РЕФЕРЕНДУМА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

РЕФЕРЕНДУМ 2024

«ДАУЫС БЕРУ ТӘРТІБІ»

2024 жылғы 6 қазанда «Сіз Қазақстанда атом электр стансасын салуға келісесіз бе?» мәселесі бойынша республикалық референдум өтеді. Референдум учаскесінде осы учаскенің тізіміне енгізілген азаматтар, сондай-ақ есептен шығару туралы куәліктерін ұсынған адамдар дауыс бере алады.

 **6 қазан**
октябрь
РЕФЕРЕНДУМ · 2024

- ✓ Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы референдум учаскелері бойынша азаматтар тізімдеріне:
 - тиісті шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда жүрген;
 - сондай-ақ шет мемлекеттерге жеке шақырулар бойынша келген;
 - қызметтік;
 - іскерлік және туристік сапарларға келген азаматтар учаскелік референдум комиссиясына өтініш жасаған жағдайда және олардың Қазақстан Республикасының азаматы деген жарамды паспорты болса, енгізіледі.
- ✓ Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктері жанындағы учаскелерде, демалыс үйлерінде, санаторийлерде, стационарлық емдеу-алдын алу мекемелерінде, азаматтардың уақытша тіркелген жерлерінде құрылған өзге де учаскелерде, егер тізімге енгізілген барлық азамат дауыс берсе, учаскелік референдум комиссиясы кез келген уақытта дауыс берудің аяқталғанын жариялай алады.
- ✓ Қазақстан азаматтарының барлығында дауыс беру күні референдум учаскесіне келуге мүмкіндігі бола бермейді.
- ✓ Референдумға қатысуға құқығы бар азаматтар мынадай себептер бойынша:

- денсаулық жағдайына байланысты;
- отбасындағы науқас адамға күтім жасауына байланысты;
- референдум учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда орналасса, учаскеден тыс жерде дауыс бере алады.

- ✓ Мұндай жағдайларда азамат орналасқан жері бойынша дауыс беру туралы жазбаша өтініш бере алады.
- ✓ Өтініш беру мерзімі – дауыс беру күні жергілікті уақыт бойынша сағат он екіге дейін.
- ✓ Өтініш келіп түскенде референдум комиссиясының төрағасы референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімінде тиісті белгіні қояды.
- ✓ Үй-жайдан тыс дауыс беруге арналған тасымалданатын жәшікті учаскелік комиссияның екі мүшесі алып жүреді.
- ✓ Байқаушылар комиссия мүшелеріне ілесіп жүруге құқылы.
- ✓ Бюллетеньдер азаматқа жеке басын куәландыратын құжат пен жазбаша өтініш негізінде беріледі.
- ✓ Бюллетеньді берген комиссия мүшесі оған өз қолын қояды, сондай-ақ азаматтың өтінішінде қолын қояды.
- ✓ Азаматтың дауыс беру құпиясы міндетті түрде сақталуы тиіс.
- ✓ Әркімнің дауысы маңызды!

Қазақстан Республикасының
Орталық референдум комиссиясы

БІЗДІҢ СҰХБАТ

28 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

(Басы 1-бетте)

— Ғазиза Құдайбергенқызы, бүгінде өзіңді кітапхана жанашыры ретінде жақсы білеміз. Ұлт руханияты үшін маңызы орасан қызметке келгеніңізге де көп уақыт бола қойған жоқ. Кезінде осынау өркениет ордасына алғаш табан тіреген жылдарыңызбен салыстырып қарасақ, қазір Ұлттық кітапханаға келушілер көп пе?

— Кітапхананың ең басты бағыты — кітап қоры мен оқырманға қызмет көрсету. 1992-1997 жылдары адамдар кітапханаға кіріп, кітап алып оқуы үшін кезекке тұратын. Белгілі бір уақыттарда кітапханаға арнайы бас сұғатындар азайса, ал қазір керісінше олардың саны артты. Қазір көбі кітапхананы кітап алып оқитын орын деп қана қабылдайды. Кітапхана — білім алу арқылы көкжиегінді кеңейтетін, ғылыми жұмыс жазатын, тереңнен ізденіс жолына түсетін орын. Өйткені барлық қажетті дереккөз кітапхана қорында сақталған. Соңғы екі жылда Ұлттық академиялық кітапханаға келушілер саны 45 пайызға артты.

— Кейінгі кездері еліміздегі білім ошақтарының кітапханашылары еңбектің лайықты деңгейде бағаланбайтынын айтып ашынады. Сұхбаттарыңыздың бірінде кітапханашылардың қоғамда, билік алдында, тіпті отбасында беделі жоқ екенін айтып қалдыңыз. Неліктен мерейлі мамандық иелері назардан тыс қалып жатады?

— Кітапханашы — мұғалім, дәрігер, журналист маманы секілді жоғары оқу орындарында арнайы оқытылатын мамандық. Оқу орнын тәмамдағаннан кейін негізгі квалификация — «кітапханашы-библиограф» деп беріледі. Кітапханашылар ақпаратты бір бағытта емес, жан-жақты бағытта білуге тиіс. Маманның салалық болсын, көркем туындылар болсын, тіпті мерзімді басылымдарда жарияланған макалалардан хабарлар болып отырғаны маңызды. Сондай-ақ кітапханашы жұмыс барысында адамдармен коммуникация құрғаннан кейін психолог рөлін қоса атқарады. Кітапханаға әртүрлі деңгейдегі оқырман келетінін ескерсек, кітапханашы баламен бала, данамен дана болып сөйлеседі. Сондықтан осынау құрметті мамандық иелерінің орасан еңбегі өз деңгейіне лайық бағалануы қажет. Кітапханашының абыройы барлық мамандықпен қатар тұрғаны жөн. Онымен қоса, кітапханашыға төленетін айлық жалақы көлемі де еңбегіне сай белгіленуге тиіс. Мен бұл мәселені әрқашан көтеремін, осы күнге дейін де айтып келгенмін және айта беремін. Ал неліктен кітапханашылар назардан тыс қалып жатады деп сұрасаңыз, бұл қоғамға қояр сауал шығар...

— Жастардың мамандық таңдаудан қателеспей, өз жолын табуға ықпал ететін «Мамандық таңдау» жобасын қолға алдыңыздар. Расында, қызығушылығына сай кәсіп таңдау — бала өміріндегі маңызды шешім. Білім саласындағы бүгінгінің өзекті тақырыбы да сол — баланы қабілеті жететін бағытта оқыту мәселесі...

— 2013 жылдан бері «Мамандық таңдау» жобасы бойынша жұмыс істеп келдім. Қоғамда көп жағдайда жастарымыз қабілетіне қарамай грант көбірек бөлінген саланы, баратын бағдары белгісіз мамандықты таңдайды. Түпкі мақсаты — дипломы бар маман атану. Біз жоба аясында бұл мәселені екі тараптан да қарастыруға тырыстық. Жобамызға әртүрлі салада жүрген маман иелерін спикер ретінде шақырдық. Кез келген маман иесі қоғамда, әлеуметте, кәсіпте дұрыс жолға бағыт алса, өмірде өзін таба алады. Меніңше, мұны жүзеге асыру үшін әр салада мониторинг жасалуға тиіс. Мен аталған мәселені жастармен кездескен уақытта жиі айтамын. Бүгінде Алматы қаласында түрлі бейінді колледждер студенттерді оқытып, маман ретінде даярлап шығарады. Солардың ішінде ауыр машина жасау зауыты, сән дизайны, ресторатор, туризм және қонақжай және т.б. салалар бар. Қазіргі кезеңде елімізде театрға арналған кафетерий эстетикасы қалыптаспаған. Оған мысал — Қуыршақ театрына балаңызбен барсаңыз, мұнда баланың жейтін та-



Ғазиза ҚҰДАЙБЕРГЕН,
Ұлттық академиялық кітапхана директоры:

МЕЙІРІМГЕ БӨЛЕНГЕН БАЛАДАН ҚАТЫГЕЗДІК ШЫҚПАЙДЫ

ғамы табыла бермейді. Меніңше, бала-ларға арналған мезір жолға қойылмауға тиіс. Театрға келушілердің арасында денсаулығына байланысты диета ұстайтын көрермен болуы мүмкін. Тиісінше, оларға арналған арнайы мейрамхана немесе кафелер қажет. Расында, арнайы диетолог мамандармен ақылдаса отырып жұмысын жүргізіп отырған орындар жоқ.

— Қазір әртүрлі бағдарламаның арқасында білім қуып, шетел асқан азаматтар көп. Өкініштісі, кейбірі өмірін мұхиттың ар жағында жалғастырып, елге кері қайтпай жатады. Бұл олқылығымызға кім кінәлі?

— Шетелде өмір сүру, білім іздеп мұхит асу — әркімнің өз шешімі деп ойлаймын. Бірақ қандай жағдай болса да түйгені мен үйренгенін елдің бір шетіне келіп жалғастырса, құба-құп болар еді. Осы күнге дейін өзім де қаншама рет шетелде болдым. Өзге мемлекетте жүріп өз елімді сағынып қайтамын. Қазір Қазақстанда жүріп бір-бірімізбен қалаға бөлініп жатамыз, алайда шетке шыққан уақытта мұндай бөліністің текке қажеті жоқ екеніне көзің жетеді. Шетел асқан кезде бөлек халық екеніміз және салыстырмалы түрде елімізде еркіндіктің бар екені байқалады. Жастардың сырттан білім іздеп, сонда ұзақ уақыт тұрақтап қалуының тағы бір себебі бар. Бүгінде түрлі мекемелердің жүйесінде ішінара дұрыс емес әрекеттер кездеседі. Меніңше, кейбір мамандар осындай жайсыздыққа шыдамайтын да шығар, бәлкім. Жүйенің бұзылуына адамның маман ретінде емес, адам ретіндегі қасиеттері әсер етеді деп ойлаймын. Мемлекеттік жүйені басқарып отырғандар, әртүрлі саланың тұтқасын ұстағандар кенірек ойлана білуге тиіс. Өйткені бұл — мемлекеттің саясаты пен ұстанымы. Бұл — үлкен жауапкершілік жүгі. Қолында негізгі шешуші рөлге ие билік тұрған шақта, ісіне барынша адал болғаның дұрыс. Егер көптеген орында дұрыс әрекеттер мен шешімдер жүзеге асса, тәжірибелі мамандар шетел аспай, өз елімізде тұрақтап қалар еді. Дәл қазіргі кезеңде тәжірибелі мамандарды өз елімізде алып қалу мәселесін қолға алу маңызды. Мықты мамандардың әлеуетін елде пайдалану үшін оларға барлық мүмкіндікті қарастыруымыз қажет.

— Өркениетті мемлекеттер қатарына қосылуда ғылымның маңызы айрықша. Ал ғылымды дамыту үшін кітапхана саласын

алдыңғы орынға шығару — маңызды. Ғылымды идеология ретінде қолданып жүрміз бе?

— Мемлекеттің кез келген саласының дамуына ғылым міндетті түрде әсер етеді. Қазір барынша ғылыми ізденістерді, зерттеулерді, жаңалықтарды алдыңғы орынға шығару қажет. Ғылым өз-өзімен, ал салалар өз бетінше дамымауға тиіс. Ғылымды елдің дамуы үшін де, идеология ретінде де қолдану қажет. Алайда елімізде ғылымды идеология ретінде қолдану процесі толыққанды жүзеге асырылып отыр деп айта алмаймын. Сондай-ақ ғылыми жаңалықтар, ғылыми зерттеу нәтижелері үнемі оқырман қауымның назарынан тыс қалмайтындай деңгейде насихатталуға тиіс. Осы ретте қоғамға ақпаратты дер кезінде бөлісетін арнайы платформа болғаны жөн екенін атап өткім келеді.

— Дәл қазіргі кезеңде атап өтуіміз тиіс маңызды жайт, біз өмір сүріп жатқан қоғамда, әсіресе мектеп жасындағы балалар арасында қатыгездік жайлаған сыңайлы. Әлеуметтік желіні аша қалсақ, міндетті түрде бір жағымсыз хабарды еститін халге жеттік. Бейбіт заманда қатыгез балалардың өсіп келе жатқаны ел ертеңіне қаншалықты қауіпті? Мұндай деңгейге түсуіміздің себебі не?

— Қазір қоғамда болып жатқан осындай жайсыз хабарларды естіген кезде қатыгез адамның ұлты қазақ па екен осы деп таңғалып қалатынымыз рас. Бұл мәселеде айналып келіп қайта айтарымыз, отбасылық институттың құлауы мен рухани аштықтың салдары. Тағы бір басты себеп — эгоның артуы. Кейде адамдар өзін, отбасын, тұрағын жерін ғана ойлап, өсіріп отырған ұлқыздарының келешекте қоғамды құрайтынын, олар бір ұлт пен мемлекеттің өкілі екенін ұмытып қалып кететін сыңайлы. Жақында америкалық ғалым, психолог, психотерапевт, невропатологтың эмоционалды интеллект турасында ғылыми еңбегі кітап болып басылып шықты. Туынды қарапайым оқырманға түсінікті тілде жазылған. Қазір осы кітапты оқып жатырмын. Америкалық ғалымның бұл еңбегінде эмоциялық интеллектің (EQ) коэффициенті жоғары болмаса, білімнің (IQ) аса пайдасы жоқ екені баяндалған. Балалар арасында қатыгездіктің жайлауына үйдегі ата-ананың дер кезінде балаға көңіл бөле алмауы ықпал етеді. Отбасында мейірім мен махаббатқа бөленген баладан дәл сондай қатыгездік шықпайды. Жас ата-аналардың балаға деген махаббаты

көзсіз соқыр болмауға тиіс. Қазір кінәліні іздеп отыратын заман емес, керісінше әрбір азамат қолынан келетін әрекетті жүзеге асырып, қателікпен күресетін кезең.

— Әлемнің екінші ұстазы атанған ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы» деп тегіннен айтпаса керек. Қазір сол тәрбиесіз берілген білімнің шырқау шегіне жетуге тап қалған жоқпыз ба деген қорқынышты ой туындайды...

— Тәрбие жан-жақтан берілуге тиіс. Кез келген қоғамда мектепке білім алуға барған бала тәрбиелі болып баруы қажет. Отбасында балаға жастайынан қоғамдық тәрбие мен әлеуметтік әдепті үйрету — парыз. Қоғамда қара басын алып жүру деген сөз қарапайым түрде айтылғанымен, бұл үлкен мәнге ие. Отбасындағы тәрбие — ұлттың интеллектісіне әсер етеді. Қоғамдық орындарда даурығып сөйлеу, телефонды дыбыссыз режимге қоймау, видеоны айқайлатып тыңдау, коқысты жинамау сынды қарапайым қағидаларды білмеген адам қандай білімді игерсе де, «қысыр интеллектуализм» иесі болып қала береді. Бұл — адамның не қоғамға, не өзіне пайдасы жоқ деген сөз. Осының салдарынан отбасында

кінәмшіл, масыл ұрпақ өсіп шығады. Ал мұндай ұрпақтың терең тамыр жаюы, өрине, қорқынышты.

— Әлемдік кеңістікте медианың кең қанат жаюы — адамзат үшін сансыз мүмкіндіктерге жол ашты. Алайда таяқтың екі ұшы болатыны секілді, оның пайдасымен қоса зияны да жоқ емес. Олай дейтін себебіміз, қазіргі кезеңде әлеуметтік желілерде желдей ескен ақпарат та, оған сенушілер де азаймай тұр. Жаһандану заманында жалған ақпараттың құрбанына айналу кәсіби, рухани сауатсыздықтың көрінісі емес пе?

— Әлеуметтік желінің өзіндік тәртібі бар. Біз жоғарыда тәрбие, білім, маман туралы айттық. Адамда сана, болмыс, көзқарас, қалып, тек деген дүниелер болады. Олар адам бойынан дұрыс бағытта орын алса, ғылыми тұрғыда дәлелденбеген, шындыққа жанаспайтын жалған ақпараттың таралуына жол бермес еді. Бірақ расында қоғамда белгілі бір орын алатын тұлғалардың өзі көз жеткізбеген жалған ақпаратты көпке таратуы — кәсіби, рухани сауатсыздық дер едім. Өмірлік көзқарасы мен азаматтық ұстанымы қалыптасқан адам, бала тәрбиелеп отырған ата-ана өмірге әкелген ұрпағы үшін жауапты. Отбасылық институтта баланы бірінші жолға қоятын біздің халық үшін ең бірінші кезекте өзінің ұрпағы өсетін қоғамды ойлауға тиіс. Қандай да бір ақпаратты таратар алдында, ең алдымен ой елегінен өткізіп алғаны дұрыс.

— «Қоғамда жастар кітап оқымайды» деп дөп басып айтуға болмайды. Жыл өткен сайын еліміздің әр түкпірінде өтетін рухани іс-шараларға, кітап фестиваліне жастардың жиі келуі, кітап оқуды трендке айналдыруы көз қуантады...

— Иә, қазір жастар кітапты көбірек оқиды. Расында, кітап оқу трендке айналды. Бұл — біз үшін қуанарлық жағдай. Кітапханамыздың қызметін пайдаланатын оқырманның дені — жастар. Бүгінде олар оқымаған адамға білімнің ешқашан құтаймайтынын білді. Жастар білімді адамның тәуелсіз, еркін екеніне көз жеткізген сайын кітап оқуға, білімге, сауатты болуға мән беріп келеді. Бүкіл халық болып жаппай кітапқа үніліп кетпесек те, қоғамда қуантарлық көрсеткіштер баршылық.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

МӘСЕЛЕ

28 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ



Еліміздегі ең ірі мәдениет ошақтарының бірі – «Астана Опера» мемлекеттік және балет театры. Алыптығы бойынша әлемдегі үшінші опера театры да – осы. Елорданың алып әшекейі саналған ғимарат ішіндегі әртістердің ахуалы біз теңейтін «әшекейге» лайық емес сияқты. Жақында депутат Сергей Понамарев Мәжілісте опера әртістерінің мәселесін көтерген еді. Айтуынша, биылдың өзінде театрдан 100-ден астам әртіс пен маман кеткен. Оның басты себебі – жалақының мөлшері. Ұзақ уақыт бойы жалақының өсуін күткен ұжымның кей мүшелері «баяғы жартастың» сол қалпында болғанынан құрамнан кетуді жөн көріпті.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Депутат көтерген мәселеден кейін «Астана Опера» мемлекеттік және балет театрына хабарласып, аталмыш өнер ордасындағы күйіп тұрған мәселе расында жалақыға негізделген бе деген сауалымызды жолдадық. Операның жетекші солісі, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Жанат Шыбықбаев өнер жәнімен беріліп жұмыс істеуді талап еткендіктен, әлеуметтік жағынан да қорғалуға тиіс екенін айтты.

– Мәдениет саласындағы жалақының төмендігі туралы депутат көтерген мәселе шын мәнінде маңызды. Өкінішке қарай, кадрлардың жақсырақ жағдай жасайтын шетелге кетуі сирек жайт емес. Мұндай мәселе операда да кездеседі. Әртістер өз дарынын елден тыс жерде көрсетуге мүмкіндік іздейді, бұл келешекте Қазақстанның мәдени әлеуетін әлсіретуі мүмкін. Өзіңіз дұрыс байқағандай, әртістердің жалақы мәселесі шы-

ӘРТІСТЕР ЕЛДЕН НЕГЕ КЕТЕДІ, АУА РАЙЫ МА ЖАҚПАҒАН?!

«Астана Опера» меншік түріне байланысты жоғарыда аталған мәртебелердің ешқайсысына ие емес, себебі біздің театр коммерциялық емес акционерлік қоғам, бұл осындай төлемдерді алуға мүмкіндік бермейді. Театрдың 100% акциясы мемлекетке тиесілі, десе де театрымыз бюджеттік ұйымдарға арналған жыл сайынғы жалақыны көтеруге бағытталған бастамалардан тыс қалады. Сондай-ақ мың құбылған нарық жағдайындағы инфляциямен байланысты индексациядан да құр қалуда. Нәтижесінде, 11 жылдық жұмыс кезеңінде жалақымыз тек бір рет, 2022 жылы 20%-ке көтерілді. Алайда депутат көтерген мәселенің арқасында бәрін шешуге болады деп ойлаймын, – деді ол.

жанрдың болашағына үміт сыйлайды. Опера өнерін дамытуда жас орындаушыларды дайындау маңызды рөл атқарады, мұны «Астана Опера» театрындағы таланттардың қайнар көзі – Халықаралық опера академиясының

келісемін. Бірақ өмір сүрудің өзіне қаражат керек емес пе?» – деді Даянхан Құмаров.

Ал балет труппасында ұзақ уақыттан бері жұмыс істеп келе жатқан Жаннар Нарынбеков те жалақының аздығынан ұжымнан

көруімізге болады. Олар тікелей әртістердің әрекетімен жүзеге асады. Бірақ бірнеше себеп ұйымнан кетуге түрткі болса да, бұл үдеріс әр жерге әрдайым болған. Шетелге жұмыс істеуге кеткендер тек опера әншілері емес. Жанат Шыбықбаев шекара асқан осындай нағыз таланттардың есімін еске алып, тізіп айтты.

– АҚШ-қа жұмысқа кеткен тамаша композитор Алмас Ермеқұлы Серкебаевты еске салайық, әйгілі «Азия дауысы» музыкалық фестивалінің фанфар музыкасының авторы Әділ Бестібаевты бәріміз білесіздер, ол да Канадада өмір сүріп, жұмыс істеуге кетті. Ал атақты балетмейстерлер – Жанат Байдаралин (АҚШ), Бақытжан Смағұлов (АҚШ, Жапонияда жұмыс істеді), балет солистері – Дастан Шыныбаев, Балқия Жамбурчинова (Германия), Әлия Тынықпаева, Әлия Хасенова (Венгрия), Данияр Жұматаев (Франция), атағы жер жарған музыканттар – Марат Бисенғалиев (Ұлыбритания), Рафаэль Хисматулин (Испания), тамаша аспапшы музыканттар – Теміржан Ержанов (АҚШ), скрипкашы Ержан Қулибаев (Испания), опера цехы бойынша менің әріптестерім – Нұрлан Бекмұхамбетов (Ресей), Қайран Жолдыбаев, Бауыржан Әндержанов (Германия) және тағы басқалары елімізден кетіп қалды, – дейді операның жетекші солісі.

«Салмақты» өнер иелері қандай марапатқа болса да лайық дейміз. Газетіміздің алдыңғы сандарында театр майталмандарының да алатын жалақысының мардымсыз екені жазылып еді. Бұдан не түйеміз? Қазақ руханиятының шоғыры саналған өнер ордалары болашағымыздың берік негізі бола алады. Ал опера, театр – ұжымдық өнер, тұтас ағза десек, оның бұзылуына жалақы әсер етпеуі керек деген ойдамыз. Сіз не дейсіз?



нымен де белгілі бір сұрақтар туындайды. Негізінен, «академиялық» немесе «ұлттық» мәртебесіне ие қазақстандық театрлар қосымша қаржылық төлемдер алады. Алайда мұндай мәртебені алу үшін ондаған жыл бойы жұмыс істеу қажет. Оның үстіне, театрдың жұмыс істеген мерзімі оның деңгейін бағалауда әрдайым басты фактор бола бермейді. Ең маңыздысы – оның ел мәдениеті мен өнерінің дамуына қосқан үлесі. Бірақ

Опера әртістерінің рөлі өнерде де, қоғамда да қашанда биік болған. Ж. Шыбықбаев бұл орынның бұдан кейін де төмендемейтінін негізге ала отырып, жас мамандардың келуінің маңызы жоғары екенін атап өтті.

– Қазақ операсына жас мамандардың келуі маңызды болып қала бермек, осы кәсіпке тоқтап, операны шын мәнінде жақсы көретіндер, өз миссиясын сонымен байланыстыратындар бұл



қызметі дәлелдеп келеді. Қазақстандық жас өнерпаздар да шетелдерде өнер көрсетіп, беделді фестивальдар мен байқауларда елімізді танытып жүр, бірнеше рет жеңімпаз атанып, Отанына жоғары марапаттар да әкелуде. Осылайша, қазақстандық опера ұлттық мұраны әлемдік опера үрдістерімен ұштастыра отырып, халықаралық деңгейде танылып және дарындардың жаңа буынын тәрбиелеп, берік негізде дамып келеді. Еліміз ұлттық музыка мәдениетін қарқынды дамытумен қатар, опера, балет, симфониялық музыка сияқты классикалық өнерді дамытуда әлемнің көптеген еліне үлгі бола алады, себебі дүниежүзіндегі кез келген ел өнердің мұндай асқақ деңгейіне жете бермейді. Біз осының бәрін сақтап қалуымыз керек, – дейді.

Операның жетекші солісінің айтуынша, бұл жерге саф өнерді шынайы сүйетіндер келеді, олар үшін өнер – шабыт пен рухани

кетуге мәжбүр болыпты. Ол Қазақстандағы балет өнері өз деңгейінде бағаланбайтынына қынжылатынын айтып, алдағы уақытта шетелдегі балет компаниясына жұмысқа тұратын жоспарымен бөлісті.

«Астана Опера» театрынан кеткен Димаш Қали депутат көтерген мәселемен толық келісетінін айтып, әртістерге жағдайдың жасалмағанын жеткізді.

«Ұзақ уақыт бойы бізде жалақының өспегені рас. Егер біз Алматы театрымен салыстырсақ, еңбекақымыз әлдеқайда аз, бірақ істейтін жұмысымыз салыстырмалы түрде көбірек. Жарайды, мен әлі жаспын. Бірақ отбасы құрған аға буындарымыз бар. Балалардың қажеттілігі бар, пәтер мәселесі дегендей. Осы салада 10 жылдан астам, тіпті 15 жылдан аса уақыт жұмыс істеген қаншама суретшінің өз үйі жоқ. Сондықтан ер адам болғандықтан, болашағым туралы ойлаймын. Мен өзім үшін жақсы

ӨЗЕКТІ

28 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

Соңғы уақытта Қазақстан құрамасы жыл сайын болатын пәндік Халықаралық Олимпиадалық рейтингте (IMO, IPHO, ICNO, IBO, ISPHO, JBMO) топ жарып келе жатыр. Статистикалық мәліметке сүйенсек, биылдың өзінде Халықаралық олимпиадаға бізден 35 оқушы қатысса, оның 34-і жеңіс тұғырынан көрінген. Ғажап нәтиже, солай ғой?! Алайда бұл жайында жарытып БАҚ-та жазған жоқ, сүйіншілеп әлеуметтік желі де шуламады. Тіпті, бұқара түгілі, осы білімпаздардың өз қатарластары – оқушылар да мұндай сайыстың өткенінен хабарсыз. Білім-инновация лицейлері, Назарбаев зияткерлік мектептері, Республикалық физика-математика мектеп-интернаты сияқты санаулы білім ордалары болмаса, шәкірттердің көпшілігі арасында мұндай олимпиадалардың беделі де өз деңгейінде еместігін мойындау керек.

беделді IChO Халықаралық олимпиадасында алтын медаль жеңіп алды. Абылайдың айтуынша, балаларды өртүрлі байқаулар мен олимпиадаларға ынталандыруда, ондай жарыстардың беделін көтеруде мұғалімнің жауапкершілігі үлкен.

«Оқушыларды Халықаралық олимпиадаларға қызықтыру үшін, алдымен – олимпиаданың маңыздылығын түсіндіру керек. Яғни, бұл қосымша дүние ретінде емес, үлкен еңбекті, фокусты талап ететін іс екенін мұғалім балаға дұ-

БҮГІНГІ «КРАШ» – БІЛІМДІ БОЗБАЛА МЕН БОЙЖЕТКЕН

Білім беру имиджін қалыптастыруда қазіргі БАҚ пен әлеуметтік желілердің де рөлі орасан. Соңғы жылдары корей және жапон драмаларында әдемі бір құбылыс байқалып келеді. Әдетте бұрын фильмнің бас кейіпкерлері проблеманың бәрін қара күшпен шешетін, ойын-сауықтың жұлдызы, оқудың иісі мұрнына бармайтын бұзық бала болса, бүгінгі «краш» – сабақты жақсы оқитын, мықты университетке түсуге талпынып жүрген бозбала мен бойжеткен. Басты кейіпкерлердің беделді оқу орындарында орын алу жолындағы күресі, емтихандарға дайындықтары мен оқудағы табыстың маңыздылығы суреттеледі. Білім жолындағы қиындықтарды жеңіп шыққан табысты оқушының бұл бейнесі білім берудің жағымды бейнесін жасайды. Мұндай драмалардың мысалы ретінде Dream High немесе School 2013 фильмдерін атап өтуге болады. Әйткенмен қазақ киносына бұл тренд әлі келе қоймады.

«Қазіргі балаларды визуал өнімнен ажыратып алу мүмкін емес, өйткені олардың қолында смартфон бар. Медиа тұтас бір мәдениетті, әдеттерді, мінезді санаға сіңіріп жібереді. Өкінішке қарай, отандық кино, сериалдар шығармашылық бағыттарын басқаша акцентке салған. Көңіл көтеру, уақыт өткізу, мақсатсыз қарым-қатынастар деген секілді түрлі жанрды суреттейміз деп кейде басқаша бағыттарға түсіп кетеміз. Андрей Торковскийдің мынадай керемет сөзі бар: «Киноның тілі деген дүние бар. Киноның тілі – адамдардың қалауын, талғамындағы дүниелерді дәл беретін тіл». Мүмкін біздің киноларға тіл жетпей жатқан болуы мүмкін», – деп қынжылысын білдірді киносценарист, режиссер Жандос Құсайынов.

Әлеуметтік желіде де интеллектуалдық тақырыптарды қозғайтын, ғылым мен білімді насихаттайтын отандық инфлюенсерлер жоқтың қасы. Есесіне жастар желіде жарнама-ланатын асып-тасыған байлық, ойын-сауыққа толы өмір стилін әлдеқайда қызыға тамашалайды.

ТҮЙІН:

Білім құндылықтарын ілгерілету үшін бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде түрлі жоба арқылы білімнің құдіретін көрсететін сәтті мысалдарды көбірек насихаттау қажет-ақ. Сондай-ақ сөз басында айтқанымыздай, қомақты сыйақы түрінде қаржылай қолдау да жастар арасында білімнің беделін жоғарылатуға айтарлықтай серпін берер еді. Халықаралық олимпиада жүлдегерлерін де хан ұлындай қошеметтеп, бір облыста – үй, бір облыста көлік беріп жатса, отандық білім элитасы қалыптасар ма еді, кім білсін?!

Әсет ҚАЛИ

ОҚУШЫҒА СЫЙАҚЫ ТАҒАЙЫНДАҒАН ОТАНДЫҚ МЕЦЕНАТ ЖОҚ

Оқуда жетістікке жеткен балаларға қолдау көрсету, олардың еңбегін дәріптеу, біріншіден, жастар арасында табысқа жету мәдениетінің қалыптасуына көмектесе, екіншіден, деструктивті мінез-құлықтан ада, көшбасшылық қабілеті шыңдалған тұтас буын тәрбиелеуге ықпал етері белгілі. Бұл тұтасты дамыған елдер тәжірибесінде үлгі етер мысалдар көп-ақ. Мәселен, АҚШ-та академиялық жетістікке жеткен жоғары сынып оқушыларын қолдауға бағытталған National Merit Scholarship Program бағдарламасы 1955 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Ақшалай жүлдесі \$2500 болатын бұл бағдарламаға PSAT/NMSQT (Preliminary SAT/National Merit Scholarship Qualifying Test) атты стандартталған тестілеуден жоғары балл алған оқушылар ұсынылады. Ақшалай жүлден бөлек, үздік ЖОО-ларға түсерде, тіпті жұмысқа тұрарда да көмек болатындықтан, бұл бағдарламаға қатысуға америкалық жеткіншіктер ақ тер, көк тер болып тырысады.

Ал біздегі жағдай қалай? Елімізде жалпы білім беретін пәндер бойынша Халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне сыйақы қарастырылған: I дәрежелі диплом мен алтын медаль үшін – 1500 АЕК, күміс медальға – 1000 АЕК және қола медальға 500 АЕК көлеміндегі ақшалай қаражат беріледі.

Жуырда Jibek Joly арнасының «Уәде» атты бағдарламасында қонақта болған Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов жүргізушінің «Жалпы ел ретінде біз құндылықтарды дұрыс қойып отырмыз ба? Мотивацияны білімге қою үшін оның да сыйақысы жоғары болуы керек қой, қалай ойлайсыз?» деген сұрағына жауап ретінде: «Сізбен толықтай келісемін. Алайда 2021 жылға дейін оқушыларға мұндай сыйақы мүлдем болған жоқ. Сертификаттардан бөлек, Мемлекет басшысының тапсырмасымен заңға жаңа өзгеріс енгізе отыра, осы балалардың ешқандай тестілеусіз еліміздегі оқу орындарына тегін грантты жеңіп алу мүмкіндігі берілді. Тек балаларға ғана емес, ұстаздарға да осындай сертификаттар бар. Міне, бұл маңызды көмек деп ойлаймын. Мені қынжылтатыны – еліміздегі осындай зерек балалардың қоғам,

БІЛІМДЕГІ ЖЕҢІС – ЖЕТІМ



рыстап айтуы керек. Мұндай халықаралық жетістіктер жаңа мүмкіндіктер ашатынын түсінген шәкірт те барын салып, жетістікке жетуге талпынады», – дейді ұстаз.

БІЛІМДІ БОЛУҒА ЖОҚШЫЛЫҚ ТА КЕДЕРГІ

Білім беделінің төмендігі әлеуметтік теңсіздікте жатуы да ғажап емес. Дамыған елдерде білім әлеуметтік жағдай мен табыстың негізі болып табылады. Ата-аналар, мұғалімдер және жалпы қоғам білімді байлық пен тұрақтылыққа жету құралы ретінде қарастырады. Дегенмен біздің елде балалардың көпшілігі, әсіресе тұрмысы төмен отбасылардан немесе шалғай аудандардан шыққан балалар тез ақша табуды немесе күнделікті мәселелерді шешуді маңыздырақ санап, білім алуы екінші сағыға қойып жатқаны мәлім. Әл-Фараби атын-

меценаттар назарынан тыс қалуы. Қалталы азаматтар тарапынан әлі күнге дейін оқушыларымызға сыйақы тағайындалғанын көрген жоқпын. Заңға тағы жаңа бастамалар енгізу үстінде. Енді жүлделі оралған оқушыларымызды «Болашақ» бағдарламасымен бакалавриат бойынша оқыту мәселесін қарастырып жатырмыз. Құны 200-300 мың доллар тұратын бұл сыйдың оқушылар үшін үлкен серпін болатыны сөзсіз», – деп айтты.

Расында, әншейінде спорттық сайыстардан топ жарып келген азаматтарға ат мінгізіп, үй-көлік беріп, сыйлықты жаңбырша жаудыратын әкім-қаралар мен байбағандар білім бәсекесінен оза шапқандарды да дәл солай қошеметтесе, мотивацияның «көкесі» сол болар ма еді балаларға?!

ОЛИМПИАДАНЫҢ МАҢЫЗЫН БІЛМЕЙМІЗ

Жасыратыны жоқ, бүгінде имиджі оншалықты орныға қойған жоқ. QazBilim республикалық орталығының директоры, педагог Аятжан Ахметжанұлының айтуынша, оған бірқатар фактор әсер етеді.

Мені қынжылтатыны – еліміздегі осындай зерек балалардың қоғам, меценаттар назарынан тыс қалуы. Қалталы азаматтар тарапынан әлі күнге дейін оқушыларымызға сыйақы тағайындалғанын көрген жоқпын.



«Қазақстанда 30 жылдан бері білім беру саласы қосалқы сала ретінде қабылданып келеді. Салаға салынар инвестициялардың аздығы, оқу бағдарламаларының әлсіздігі және білікті мұғалімдердің тапшылығы білімнің беделі мен сапаның төмендеуіне әкелді. Дегенмен соңғы жылдары бұл жағдайды түзету қадамдары басталды. Алдағы уақытта жаңа өзгеріс болады деген сенімдемін», – дейді.

Бір қуанатыны, соңғы жылдары салаға сапалы да сауатты мұғалімдердің жаңа легі келді. Халықаралық олимпиадалардың алғашқы жүлдегерлері бүгінде өздері шәкірт тәрбиелеп, бағыт беру жолына түскен. Солардың бірі, «Үздік педагог» республикалық байқауының жеңімпазы Абылай Саматов халықаралық интеллектуалдық сайыстардың 10-нан астам жеңімпазын тәрбиелеп шығарды. 2022 жылы шәкірттерінің бірі Мадияр Қасымәлі химиядан

дағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Әлеуметтанулық зерттеулер және әлеуметтік инжиниринг орталығының жетекші ғылыми қызметкері, аға оқытушы Нұрбол Төлебаев баланың оқуға деген ынтасын қалыптастыруда ата-ананың рөлі зор екенін атап өтті.

«Егер ата-аналар оқуды қолдап, оған мән берсе, бала да білімге қызығушылық танытады. Керісінше, білімге мән бермейтін отбасыларда балада оқуға деген мотивация төмен болуы мүмкін. Отбасының қаржылық жағдайы да балалардың білім алу мүмкіндіктерін анықтайды. Қаржылық деңгейі жоғары отбасылар балаларына сапалы білім алуға көп мүмкіндік бере алуы мүмкін: қосымша курстарға, қосымша дағдылар үйрететін үйірмелерге апарып, оқу құралдарын алып береді. Ал бұл баланың оқу мотивациясына тікелей әсер етеді», – дейді ғалым.

КӨКЖИЕК

28 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

ЭКОСАНА

ТАЗАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Еліміздің барлық өңірінде «AMANAT» партиясының «Таза бейсенбі» акциясы жалғасуда. Бұл акция жаңа экологиялық сана қалыптастырып, азаматтардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыруды көздейді. Акция Президенттің «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында өтуде.

Партия мүшелері түрлі аумақтарды, атап айтқанда, әлеуметтік нысандар, жол бойындағы аумақтар, өнеркәсіптік аймақтарды тазалау жұмыстарын жүргізіп келеді. Сондай-ақ белсенділер жағалау аймақтарын, көлдер, жайылмалар мен өзен арналарын қоса алғанда жалпы саны 80-нен астам су объектісін тазартты. Ел бойынша акцияға 50 мыңға жуық адам қатысып, 7 мың тоннадан астам коқыс жиналды.

Түркістан облысындағы партияластар қоғамда тазалық мәдениетін қалыптастыруға өзіндік үлесін қосуда. Игі іске партия қызметкерлерімен қатар, мәслихат депутаттары, саяси ұйым жанындағы қоғамдық құрылымдардың мүшелері, бастауыш партия ұйымдарының өкілдері қатысты. Акция бұл жолы «Гауһар ана» тарихи-архитектуралық кешені аумағында өтті.

«Гауһар ана – ұлы ақын, ойшыл Қожа Ахмет Ясауидің қызына арналып салынған кесене. Республикалық маңызы бар ес-

керткіш. Қасиетті орындағы бірнеше бұлақ көзінен бүгінгі күнге дейін мөлдір, салқын су ағып тұр. Әйтсе де, бізді демалуға келушілердің киелі, тарихи орындарға өз коқыстарын тастап кетуі алаңдатады. Тарихымызда өзіндік орны бар осы аумақтың тазалығын сақтау – перзенттік борышымыз. Сондықтан осындай тазалық шараларын жиі ұйымдастырып, туристер арасында киелі орындарға жана-шырлықпен қарау көзқарасын қалыптастыру қажет», – деді «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы Алтынсары Үмбетәлиев.

Сонымен қатар акция аясында Қостанай облысының бірнеше аумағы коқыстан тазартылып, Жітіқара ауданында 80 түп алма ағашы отырғызылды.

«Бау-бақша өсірушілер үшін күздің алғашқы айлары ең бір жауапты, нағыз белсенді жұмыс уақыты. Кейбір ағаштар мен бұталарды көктем мезгіліне қарағанда, күзде қондыру тиімді. Бүгін партияластармен бірге



алма ағаштарын отырғыздық. Туған өлкемізді жасыл желекке бөлеп, тазалықты сақтау – баршамызға ортақ міндет. Ауданымызды абаттандыру мен қогалдандыру жұмыстарына атсалысу әрбір тұрғынның азаматтық ұстанымы болуға тиіс», – деді Жітіқара аудандық мәслихатының депутаты Хаират Дилда.

Сондай-ақ Алматы қаласында «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері 28 панфиловшы гвардияшылар атындағы саябағын коқыстан тазартып, абаттандыру

жұмыстарын жүргізді. Акцияға 50-ден астам жас қатысты.

«Қоршаған ортаның жай-күйіне немқұрайлы қарайтын демалушылар өздерінен кейін коқыс қалдырып кетеді. Тазалық – жинаған жерде емес, коқыс тастамайтын жерде. Акцияға жастардың белсенді қатысып жатқаны қуантады. Біз азаматтарымызды қоршаған ортаны қорғауға белсенді қатысуға шақырамыз», – деді Алматы қалалық «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Кеңесов Әкежан.

ӨНІР

Бюджет қаржысын оңды-солды шашу, негізсіз төлем жүргізу тоқтамай тұр. Сөзіміз дәлелсіз емес. Батыс Қазақстан облысында ревизиялық комиссия мүшелері Сырым, Ақжайық, Бәйтерек аудандары мен Орал қаласының құрылыс бөліміне аудит жүргізген. Аудит қорытындысын естіп, еріксіз бас шайқадық.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

Белгілі болғандай, Бәйтерек ауданына қарасты Красноармейское, Чеботарева деген ауылдарға ауызсу жүргізу керек болған. Құрылыс жұмыстары 2023 жылы басталған. Бір қызығы, осы ауылдарға жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстары бітпей жатып Бәйтерек ауданының құрылыс бөлімі комақты қаржыны аударып жіберген.

– Бәйтерек ауданының құрылыс бөлімі Engineering and construction group ЖШС-ға Красноармейское, Чеботарева ауылдарына су құбыры салынды деп, жұмыстарды іс жүзінде емес қағаз жүзінде қабылдап, шарттың жалпы сомасының 99 пайызын, яғни бюджет қаражатының 142 млн теңгесін негізсіз аударып жіберген. Алайда екі ауылдың су құбырлары әлі күнге дейін қолдануға берілмеген, – деп атап өтті БҚО ревизиялық комиссия мүшесі Қайрат Жапақов.

Көріп тұрғандарыңыздай, ауданның құрылыс бөлімі жоқ дүниені бар деп көрсетіп, бюджет қаржысын аударған. Біз материалды дайындау барысында Красноармейское ауылына хабарласып, бір тұрғынмен сөйлестік. Максатымыз – ауылға су барған-бармағанын анықтау. Себебі ревизиялық комиссия тексерісті маусым айында жүргізген. Содан бері ауылға су барып қалған шығар деп үміттенгенбіз. Онымыз бекер болыпты. Ауыл халқы әлі сусыз отыр. Содан бұл қалай болды деп Бәйтерек ауданының құрылыс бөліміне хат жолдадық.

– Бәйтерек ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің тапсырыс беруімен 2022 жылы Жанатаң ауылын, 2023 жылы Красноармейское, Чеботарева ауылдарын сумен қамтамасыз ету бойынша құрылыс жұмыстары басталды. Жанатаң, Чебо-



БЮДЖЕТ ҚАРЖЫСЫН БЕЙБЕРЕКЕТ ЖҰМСАУ ҚАШАН ТЫЙЫЛАДЫ?

тарева ауылдарына ауызсу берілді, тұрғындар ауызсу пайдалануда. Бүгінгі күнге құрылыс жұмыстары 98 пайызға аяқталып тұр. Красноармейское ауылы бойынша бүгінге дейін ауылға су берілген жоқ. Ұзақ созылып кетудің бір себебі көктемгі су тасқыны әсер етті. Су тасқынынан насостық құрылғылар, су ұңғымалары істен шықты. Аудит тексерісі кезінде былтыр актімен қабылданған кейбір құрылғылар нысан басында орнатылмады. Себебі нысан толықтай қолданысқа берілмегендіктен, ұрлап кетуден сақтау үшін уақытша мердігердің қоймасында сақтадық, – деген тілдей жауап хат келді Бәйтерек аудандық құрылыс бөлімінен.

Бізге тексеру комиссиясының қорытындысын айтып берген Қайрат Жапақовтың айтуынша, жалпы осындай құрылыс жұмыстары кезінде құжат бойынша қымбат құрылғыларды жазып, іс жүзінде арзан құрылғыларды орнату фактілері жиі кездесетін көрінеді. Бұл да бюджет қаржысынан бірдене жымқырып қалу үшін жасалатын түрлі қи-тұрқы әрекеттер болса керек.

Біздің шенеуніктер қаржыны жалған актілерге қол қойып, аударып отырғаны аздай көпе-көрінеу құжаттар жасап, құрылыс жұмыстарына рұқсат бере беретіні де анықталыпты.

– Орал қаласының Самал шағынауданында кәріз желілерінің құрылысы жұмыстарын орындау барысында «Жайық Сити» ЖШС-ға 33,7 млн теңгеге негізсіз төлем жасалған. Бұдан бөлек, Орал қаласының сол-

түстік-шығыс бөлігін сумен жабдықтауға арналған көтергіш сорғы стансасын салу жұмыстарын орындау барысында «Көлсай Строй» ЖШС-ға 3,1 млн теңгеге негізсіз төлем жасалған, аталған құрылыс объектісінің құрылыс жұмыстары бітпей жатып техникалық қадағалау қызметі үшін «Музтау» ЖШС-ға 1,3 млн теңге, авторлық қадағалау қызметі үшін Smartech ЖШС-ға 479,4 мың теңге 100% келісімшарт сомасы толықтай төленіп отыр, – дейді облыстық ревизиялық комиссия мүшесі Қайрат Жапақов.

Ақша төленгені бір бөлек, «енді сол жұмыстар аяқталды ма?» деген сұрақ шығады тағы да. Өкінішке қарай, жауап қуантпай отыр. Облыстық ревизиялық комиссия мүшесі Қайрат Жапақовтың айтуынша, «Орал қаласының Самал шағынауданында кәріз желілерінің құрылысы аяқталды» деген актіге 2022 жылдың желтоқсан айында қол қойылып, төлем жасалған. Алайда жұмыс актілерінде көрсетілген жұмыстар геодезиялық құрылыс торын бөлу жұмыстары, жер жұмыстары, құбырларды төсеу жұмыстары орындалмаған. Орал қаласының солтүстік-шығыс бөлігін сумен жабдықтауға арналған көтергіш сорғы стансасын салу нысаны бойынша 2021 жылғы қараша айында орындалған жұмыстар актілерінде көрсетілген абаттандыру жұмыстары әлі орындалмапты. Ал оның қаржысын мердігер 2021 жылы алып алған.

Оқиға былай болған. Ақжайық ауданының құрылыс бөлімі «Ақсуат ауылындағы Мәдениет үйіне күрделі жөндеу жасаймыз»

деген шешім шығарады. Сол жердегі басшылардың бірі кабинеттен шығып, сол ауылдағы Мәдениет үйін бір көріп келсе болар еді ғой. Жок, олар олай етпеген. Кабинетте, жылы жерде отырып, мемлекеттік сатып алулар арқылы мердігерді анықтап, оған «сен Ақсуат ауылындағы мәдениет үйіне жөндеу жүргізі» деп 2022 жылдың қыркүйек айында 25,4 млн теңге аванс төлепті. Содан әлгі мердігер құрылысшыларды жинап алып, ауылдағы Мәдениет үйінің төбесін ашу жұмыстарын бастап кетеді. Сөйтсе, саман тастан салынған Мәдениет үйінің қабырғасы опырылып ортасына түсіпті. Шама-ақ әбден тозып, тасы үгітіліп тұрса керек.

– Біздің кейбір басшылар құжатқа тек кабинетте отырып қол қоя салады. Құрылыс басына бармайды. Ақсуат кентіндегі ауылдық Мәдениет үйі ғимаратын қайта жаңарту жұмыстарын жүргізу үшін 91 млн теңгеге шарт жасалған. Заң бойынша саман тастан салын-

ған ешбір нысанға күрделі жөндеу жүргізуге болмайды. Ол тек апатты деп танылып, сүрілуі тиіс. Орнына жаңа ғимарат салынуы керек. Қайта жаңарту жұмыстарын жүргізу мүмкін болмағандықтан жұмыс тоқтатылған, 2023 жылдың тамыз айында мердігер 19,9 млн теңгені бюджетке қайтарған. Бұл бюджет қаражатын 95,6 млн теңгеге тиімсіз жоспарлауға және Ұлттық қордан қаражатты негізсіз бөлуге алып келген, – дейді облыстық ревизиялық комиссия мүшесі Қайрат Жапақов.

Енді басты сұрақ: Осы оқиқықтардың бәрін осылай жылы күйінде жауып қоямыз ба? Тиісті мекемелер неге уақытында тексеріс жүргізбеген?

– Біз жоғарыда аталған фактілер бойынша тиісті мекемелер – Прокуратура, Экономикалық тергеп-тексеру департаментіне хат жолдадық. Енді істі солар қарайды. Бұдан бөлек, аудит барысында әкімшілік құқықбұзушылық белгілері бар 6 факт бойынша материалдар әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін уәкілетті органдарға жолданды, – деп жауап қайтарды Қ.Жапақов.

Жасалмаған жұмыстарға қаржы аудару, құрылыс аяқталды деп жалған құжатқа қол қоюдың артында жемқорлық әрекеттері тұрған жоқ па? Мердігер компанияға екі ауылға су тартылды деп 142 млн теңге қаржыны опонай аударып жіберу мүмкін бе? Сұрақ көп, ал бұл сұрақтарға ревизиялық комиссия жауап бере алмады. Бұл жерде жемқорлық фактісі бар-жоғын енді тек Экономикалық тергеп-тексеру департаменті анықтайды.

ДОДА

28 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

Өзбекстанда 14 қыркүйек пен 6 қазан аралығында футболдан әлем чемпионаты өтіп жатыр. 24 құрама топқа түсіп, үздіктер суырылып шықты. Сәйкесінше, 16 құрама плей-оффта келесі кезең тағдырын сарапқа салды. Әрине, осы тұста әлем Португалия мен Қазақстан кездесуін асыға күтті. Әлем чемпиондарына дала қырандары қайтып қарсы тұрарын, не амал қолданарын болжады. Айтса айтқандай, тартысты кездесу көптің есінде қалды. Ұлттық құрама жігіттері азулы Португалияны қапы қалдырып, сенсация жасады.

А Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

АЛАНДАҒЫ ЖАНТАЛАС

Иә, ысқырық шалына сала қос құрама жанталаса кетті. Өйткені ширек финал сценарийі осы ойынға тәуелді. Оныншы рет өтіп жатқан әлем біріншілігі де онайға соғып тұрған жоқ. Е тобында күрескен Португалия 1/8 финалға бірінші орынмен жетті. Ақ тер, көк терге малынған жоқ. Тек Марокконың шабысын бақылады. Ал Қазақстан болса, испандар топтан бірінші орынмен шықпауын барынша қадағалады. Испания да әккі Португалиямен жұптасудан қорқып, тырысып бақты. Аталған екеу де барынша көп гол соғуға тырысқанмен, «айкаста» Испания жеңіске жетіп, Венесуэламен жұпталды. «Ауырдың астымен» амалдағысы келгенді тағдыр аясын ба?! Испандар «айналып өтеміз» деп ойласа керек, алайда венесуэлалықтар сенсация жасады. Осылайша, фавориттер саны бір құрамаға кеміді. Топтық кезенді қаперге алған Португалия Кака жігіттерінің бар күшін сарқығанын біледі. Сондықтан тактика жағынан шашу шығармауға тырысты.

Айтса-айтқандай, қарсылас сақ ойнап, доп бермеуге тырысты. Аланның әр бұрышындағы допка талас та кездесу деңгейін көрсетті. Алғашқы тайм бас-аяғы 40 минутқа созылды. Төреші де әр секундты саралап, қателік кетпеуін қадағалады. Португалия құрамасында белгілі бір көшбасшы жоқ болғанымен, әр ойыншы аланда жанын беруге дайын тұр. Қазақстан болса, кездесуге Лео сияқты белді ойыншысыз қатысты. Жалпы, чемпионатқа атағы дардай Тайнансыз, тәжірибелі Эдсонсыз келді. Сол үшін ұлттық құрама бапкері тактиканы қайта түзіп, әр тайм-аутты ұтымды қолдана білді. Қауқарлы қарсылас барынша қысқанымен, жігіттер алғашқы таймда-ақ есеп ашты. Шыңғыс Есенманов ұрымтал тұсты дәл тауып, соққы жасады. Құрамадағы 111-ойынында командаластарының еңсесін тіктеді. Аталған голдай кейін жігіттер ширай түсті. Бірден айып алаңында кірпідей жиырылып, әр соққыны тойтарды. Осы тұста қақпашы Игитаны айтпай кету әбестік. Чемпионаттағы әр құрама Игитадай қақпашыны армандайтыны анық. Ойын бойы португалдар 55 соққы жасаса, соның 15-і қақпаға дәл бағытталған. Ал қақпашымыз соның біреуін ғана өткізді. Чемпионат басталғалы бері тек үш гол жібергені тағы бар. Бірінші тайм аяқталғанша есеп теңестіруге асыққан Португалия барынша шабуылдап бақты. Алайда нәтиже болмады.



ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАН ЖІГІТТЕР

30 СЕКУНДАҒЫ СЕРПІЛІС

Ал екінші таймда жағдай түрлене түсті. Үзіліс кезінде Хорхе Браза жігіттерін сыбап алса керек. Көзді ашып-жұмғанша есепті теңестірді. Зики Те гол соғып, кездесу тынысын ашты. Бұл айналым «ғасырдан да ұзақ 20 минутқа» созылды. Төреші әр фолға назар аударып, ысқырық



шалды. Үзіліс те, айкаста ұзаққа созылды. Қазақстан футбол ассоциациясының вице президенті Нұрсұлтан Құрман да бұдан бұрын осыған назар аударып, ішкі чемпионаттағы төреші «тактикасын» өзгертуді ұсынған-ды. Өйткені ішкі чемпионатта төрешілер ойнауға мүмкіндік берсе, әлем чемпионатында «тұсап» тастағандай болды. Бұл Португалиямен ойында айқын білінгендей. Хош, Португалия да Қазақстан да есепті еселеуге барынша тырысты. Әсіресе, қарсыластар адым аштырмауға тырысып, қорғанысты



Әрине, нәтиже өте жақсы. Бірақ біз тек бір кезеңнен ғана өткенімізді ескерейік. Енді алдағы қарсыласымызға дайындалуымыз қажет. Бұл тек команданың ғана жеңісі емес. Бұл Қазақстанның, қолдауын көрсетіп жатқан өзбек ағайынның да жеңісі.

күшейтті. Шыңғыс Есенманов дубль жасайтын мүмкіндікті жіберіп алды. Дегенмен сақ ойнауға тырысып бақты. Игита да қақпаны мүлтіксіз «күзетіп», қарсыласты састырды. Кейінгі тоғыз минуттың сағызша созылғаны тағы бар. Төреші ысқырығы, қатар-қатар тайм-аут жан алып, жан беріскен ойын болғанын айқындады. Таблода санаулы секунд қалды. Есеп әлі 1:1. Кімнің есеп ашары, не овертаймға ұласары белгісіз. Әсіресе, кездесу аяқталуына санаулы секунд қалғанда португалдар тайм-аут алуға бекінді. Дәл осы тұста комментатор Хорхе Браза кездесудің экстратаймға жалғасқанын қаламайтынын хабарлап жатты. Расымен, соңғы 30 секундта ұлттық құрама жігіттері тамаша шабуыл жүйесін құрып, Тұрсағұлов қақпа торын тулатты. Сенсация! Қазақстан құрамасы атағы айға жеткен Португалияны үйіне қайтарды. Кездесу нәтижесін португалдар да түсінбей қалды, білем. Ысқырық шалынуға санаулы секунд қалғанда төрешіге шағымданды. Олар бейнеқайталаудан қарап, шешім шығарғанша жанкүйерлер тағат таппай кетті. Себебі ширек финал мен жанкүйер арасын

ысқырық бөліп тұрды. Төреші ешқандай фол болмағанын хабарлағанда «Әндіжан» спорт комплексі дүр сілкінді. 2 мыңға жуық жанкүйердің қуанышында шек болған жоқ. Тіпті, көзіне жас алып, ойыншыларға толассыз құрмет көрсетті. Кака бастаған



бапкерлер құрамының әсері ерекше. Ойыннан кейінгі сұхбатында мұндай эмоцияны бірінші рет бастан кешіп жатқанын мәлімдеді.

«Әрине, нәтиже өте жақсы. Бірақ біз тек бір кезеңнен ғана өткенімізді ескерейік. Енді алдағы қарсыласымызға дайындалуымыз қажет. Бұл тек команданың ғана жеңісі емес. Бұл Қазақстанның, қолдауын көрсетіп жатқан өзбек ағайынның да жеңісі. Бразилиядан да хат келіп, жігіттерімізге сәттілік тілеп жатыр. Плей-оффқа келетін болсақ, әлемдегі ең мықты ұжымдармен жолымыз ерте түйісті. Қуанышымызға қарай, барлығы пайдамызға шешілді», — делі футболдан ұлттық құраманың бас бапкері Пауло Рикардо Кака.

Осылайша, ұлттық құрама тарихтың жаңа парағын ашты. Бастысы, 2021 жылы кеткен есені қайтарды. Өткен әлем чемпионатының жартылай финалында тең ойын өткізіп, Кака шәкірттері пенальти сериясында жеңіліп қалған-ды. Ширек финалда Португалияны айналып өткісі келген испандар да, қатарынан ӘЧ чемпионы атанғысы келген Браза шәкірттері де жоқ. Келесі қарсылас Аргентина мен Хорватия арасындағы кездесуде белгілі болады. Ұлттық құрама әлем біріншілігі тарихында екінші мәрте ширек финалға жолдама алып отыр. Жартылай финалға өту үшін күрес 30 қыркүйек күні Ташкентте өтеді.

Расымен, Өзбекстандағы футбол мерекесіне ұлттық құрама тастүйін дайындалып келген. Өйткені 2021 жылы төртінші орын алып, бармақ тістеп қайтқан. Сондықтан титулы бар жеңіске шөліккер жүргені білініп тұр. Еуро-2022 жылы ширек финалға жетіп жеңілді. 2016 жылы аталған турнирде алған үшінші орын эйфориясы басылды. Жанкүйерлерге де, құрама жігіттеріне де жарқын жеңіс керек-ақ. Капитан Игита да осыны нұсқап, жай келмегенін жарияға жар салды. Ташкенттегі «Хумо Арена» да қазақтарды күтіп алуға дайын. Ал сіз Ташкенттегі тартысты тамашалауға дайынсыз ба, жанкүйер?!

«Күлкінің жеңбейтін дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

АРА

«АРА» – ара болады, шаққан жері жара болады».

Оспанхан Дүбәніров



«Күле білу – өмір, күлдіре білу – өнер, күлкі болу – өлім».

Сейіт Менжеахметұлы



№154

28.09.2024 ж.

«Айқынның» сатиралық қосымшасы



БҰЛ КІМНІҢ ҚҰЛАҒЫ?

Күнделікті кабинетімде жұмыс істеп отырмын. Есіктің сыртынан бірдеңе қытырлайды. Тышқанның кеміргеніне ұқсамайды. Ерекше дыбыс. Түстен кейін әлгі дыбыс тағы естілді. Құлағым неше түрлі дыбысты таниды және айыра да біледі. Бұл соңғы кездері пайда болды. Не де болса көрейін деп есікті ашып қалдым. Көзіме ештеңе көрінбеді. Қайтадан жұмысыма кірісіп кеттім. Әлгі дыбыс ізінше тағы естілді. Жүгіріп барып есікті аштым. Адамның қарасы көрінбейді. Сөйтсем, есіктің тұтқасында бір құлақ жабысып тұр. Шап беріп ұстап алдым.

– Кімнің құлағысың? Не тындап тұрсың? – дедім ақырып.

Құлақ мыжырайып қалды. Иә, кәдімгі адамның құлағы екен. Бірақ есектің құлағына ұқсай ма біртүрлі. Тесілмеген. Соған карағанда ер адамның құлағы деп топшыладым. Қалқанқұлақ. Мекемде құлағы калқиған кімдер бар? Кабинетіме келіп ұзақ ойландым. Құлақты аямай бұрадым. «Ей, ақпақұлақ» деп жеті атасынан бермен қарай боктадым. Қызарып кетті. Қайнап тұрған ыстық суға салып алғым келді. Бірақ құлақ пісіп қалып, иесі шұнақ болып қалар деп қатты аядым. Байғұс құлақты біраз қинадым. Сосын инемен тесіп «Мә, құлағыңа алтын сырға» деп сырға тактым. Сүйттім де, құлақты қалтама салып алдым. Уақытша тілімді жұтып қойдым. Үйге келдім. Үн жоқ. Үйдегілер «Ойбай, бір жерің ауырып қалды ма?» – дейді. Мен тек басымды шайқаймын.

– Шырағым, саған не болды? Күнде үйде аузың жабылмайтын еді – деп шешем алдыма келді. Жақ ашпадым.

– Әй, жаман ұл, сені біреу ренжітті ме? – деп әкем шықты. Құлақтың иесі табылғанша дыбыс шығармауға бекіндім.

Танертең жұмысқа келе сала ұжымдағы адамдардың құлағына караумен болдым. Бәрінің екі құлағы орнында тұр. Содан түс ауа таныс қызметкерім ғимаратта бір құлағын шүберекпен байлап алып кезіп жүр.

– Құлағыңыз үсіп қалды ма?

– Жоқ.

– Салқын тиіп, бұлақ ағып жүрген жоқ па?

– Жоқ.

– Әлде біреу тістеп алды ма?

– Жоқ, – деймін.

– Аа, құлақ жоқ дейсің бе?

– Иә, – деді ол беті қызарып.

– Жарайды, мә, құлағыңды мен тауып алдым, ал енді жоғалтып алма, – дедім.

Ол сырға таққан құлақты көріп одан бетер қызарып, ұялып қалды.

Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН

МЕКТЕПТЕГІЛЕР МҰҢКІП ЖАТЫР

Әмір қалалық білім басқармасының бірдей бас маманы. Оның бас маман атынан гөрі Әмір деген есімі елге таныс. Өйткені оның аты затына сай, әмір бермесе тұра алмайды. Енді ол әмір берді дегенше, мектептегі директордан бастап еден жуушыға дейін зыр жүгіреді. Дүниеде адамдарды кіріптар етіп, алдында ойнатаып қойғаннан артық бақыт бар ма? Әмірдің ең жақсы көретіні – тексерулерге барып, мұғалімдерді жынды қылу, яғни өзіне мұқтаж етіп қою.

Ол өзі Белес деген ауданда жүргенде тексерушілік «қабілетімен» көзге түскен ерекше жан. Бір балалар бақшасын тексеріп, тәрбиешілерді тентіретіп жіберген «ерлігі» бар. Артынша тағы бір мектепті тексеріп, теңге дәмектен бе, жеңге дәмектен бе, бір пәлесі бар, сотталып кетейін деп тұрған жерінен әуірімдеп орнында зорға қалған деседі. Бұл күндері еркектерден қулық артылмайтын болды ғой. Кімнің барып құлағынан сыбырлағанын кім білсін, ойламаған жерден декретке шығып кетіпті. Мұндай тапқырлық түлкінің өзінде де кездесе бермесе керек.

Белес ауданы білім бөлімінен бұдан да басқа былықтар шықты. Миллиондаған қаржы суға сіңгендей ұшты-күйлі жоқ. Оның үстіне, мектептерге парта, такта, басқа да бұйымдар әкеліп беріп қарық қыламын деген бір серіктестікпен келісімшарт жасасып, пәленбай теңге тағы да желге ұшыпты. Осының барлығын індетте іздеп, қылмыстың басын ашқан қаржы полициясы түлкіні қуып келе жатып кәпелімде айырылып қалған тазылардай алақтады да қалды. Өйткені аудандық білім бөлімінің басшысы ойламаған жерден «екікабат» болып, бала күтіміне байланысты екі-үш жылдық декретке шығып кетіпті. Ал декретте әйел отыр ма, еркек отыр ма, оны жазаға тарта алмайсыз енді.

Әмір деген әріден ойлайтын сабаз болып шықты. Білім бөліміне қаралған қаржыны білгенінше сапырылыстырып, суша шашқан мықты тексерушілердің көмекейін теңгемен тығындады ма, әлде басқа дүниелерін шығындады ма, ітім білсін, судан таза, сүттен ақ болып шыға келді. Жұрт жағасын ұстады. «Шаруасы бітті. Ендігі оған білім саласында орын жоқ» деп топшылап жүргендердің аузын аңкитып, қалалық білім басқармасынан бір-ақ шықты. Мұнда келісімен-ақ ол тағы

да тындырымдылығымен көзге түсті. Бірнеше мектепті тексеріп, талқанын шығарды. Талқан жеп дөңгіп қалған неме ғой, тексеріс десе жанын беріп, қос жеңін түрініп шыға келеді.

Ол Көкжиек қаласындағы бір мектепті тексеруге шұғыл кірісті. Әуелі директорды шығарып, аузын аштырмай тастады. Орынбасары бастығының мына түрін көріп, жаны ашып, ара түспек болып сөз бастағаны сол еді:

– Ауызыңды жап, шошқа. Саған ешкім сөз берген жоқ, – деп тұқыртып тастады.

Қолына қылышын алып, сайланып-ақ келген екен сабазын, әуелі мектеп ішіндегі әжетханаларды аралап көрді. Бала неме бір нәрсені бұлдірмесе жүре алатын ба еді. Бала, баланың ісі шала. Әжетханаларда әжептеуір кемшіліктер бар екен.

– Сіздер қаржы бөлмей жатырсыздар, – деп ақтала бастаған директордың орынбасары Досбергенді бір бұрышқа тыққандай тағы да жазалады.

Енді ол сыныптарға кіріп, оқушылардың сабаққа қатысуын тексере бастады.

– Ей, сен кімсің? – деді тексеруші келгенде орнынан ұшып тұрған оқушылардың біріне қарап.

Әлгі бала «менен сұрап тұрсыз ба?» дегенді тексерушіге қарап бажырайды да қалды.

– Сен мені танымай тұрмысың? Мен басқармадан келген өкілімін. Атыңды неге айтпайсың? – деп Әмір оқушыны жағадан алды.

– Атым Алмас, – деп оқушы мінгір етті.

– Бүгін сабаққа қанша бала келмеді?

– Ағай! Мен староста емеспін. Оны содан сұраңыз, – деді оқушы төмен қарап.

– Міне, көрдіңдер ме? Балаларды бетімен жіберген. Оқушылар тәртіпсіз. Тексерушіге қалай-қалай жауап береді, ә. Мен мұнда тәрбие жұмысы осалдап кеткен деп анықтама толтырамын. Шеттеріңнен жұмыстан қудырамын. Сендер менің кім екенімді білмейсіңдер. Әлі-ақ көздеріңе көк шыбын үймелетпесем, Әмір атым өшсін, – деп екпіндеген тексеруші мұғалімдерді біртіндеп қабылдап, «Директорларына қандай сыйлық бердіңдер?», «Ай сайын қанша теңгеден жинап бересіңдер?» деп қыспаққа ала бастады.

Ойламаған жерден қыспаққа қалған мұғалімдер мектептен қашып шықты. Сол күйі олар дәрігерлерге барып көрініп, еңбекке жарамсыздығына байланысты үйлерінде жатып алды. Алоқушыларды орнынан тұрғызып қойып, Әңкүр-Мүңкірдей тексеретін Әмірден шошынып, мектеп бетін көрмей кетті.

Бүгінде Әмір деген әзірейіл мектептегі біраз мұғалімді жүйке ауруына шалдықтырып, осы ісінен ләззат алып жүр. Ол тағы да екі-үш мектепті қырына алған көрінеді. «Әкелеріңді танытамын!» дейді барған жерінде дікеңдеп. Соңынан шұбылып барған комиссия мүшелері де шеттерінен мәтібі. Директорларды жатқызып, тұрғызады. «Осы қарқынынан танбаса, талай адамды жынды қылады» дейді былайғылар.

Тексерме демейміз. Тексерсін. Бұл міндеттері де шығар. Бірақ барған, тексерген жерлерін қырантопан етуге кім тапсырма берді екен дейміз де. Оларды жұмсап қойып, сырттарынан бақылап отырған басшылардың не ойлағаны бар? «Басшылардың қарны ашқан шығар?» дейді біреулер. «Біреулерге орын керек болған шығар!» дейді екіншілері. Кім білсін? Бірақ халық айтса, қалыс айтпайды.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ



ДЕПУТАТ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ




– Түс деймін.
– Түспеймін.
– Мен саған түс, дедім ғой.
– Қойшы, түскім келмейді.
– Түс...
Көрші үйден түн ортасында тап осылай қатты дауыс шықты.
– Түсесің, – дейді көрші әйел айқайлап. Ұйқым ашылып төсектен басымды көтердім. Дөңбекшіп жатқан әйелім де оянып кетті. Бажырайып бетіме қарады. Мен теріс қарадым. Таң атты. Сыртқа шықсам, аулада түндегі оқыс дауыс қайта естілді.
– Түс дедім ғой саған...
– Түспеймін, – дейді көрші еркек. Құдай-ау, бұлар түнімен қайда мініп, қайдан түсе алмай жатыр десем, бетім-ай, көрші әйел алқаш еркегіне «сайлауға түс» дейді, күйеуі «түспеймін» дейді. Ал біздің қатын түнде оны басқаша түсініпті. Бәсе, маған бет-аузы жыбырлап қарауы жаман еді.
– Жұрттың еркектері тым жақсы халқы үшін сайлауға түсіп жатыр, сенің олардан қай жерің кем? – дейді әйелі Маңқагүл.
Көрші еркек:
– Мен сайлауға қалай түсемін, депутат болу үшін әнші не спортшы болу керек, – деп ол айтқанынан қайтпайды. Тап осы көріністі біздің үйдегі әйел естімесе деп тілеп едім. Қайдағы, есінеп қасымда тұр екен.
– Сайлау, – дейді. Көзі аларып кетті. Бұл туралы мұның құлағына әлі жетпеген болатын. Алдыңғы сайлауда маған «неге түспедің?» деп миымды жаңғақша шағып жеген еді.
– Ойбай-ау, мен неге білмей қалғанмын, жүр үйге, – деп мені дырылтатып ішке кіргізді. Лекция басталды.
– Көрдің бе, көршінің алқаш байы сайлауға түскелі жатыр.
– Түсе берсін, маған сайлау не керек?
– Сүмелек-ау, неге керек емес, сахнада би билеп, ән салып жүрген әншілерден қай жерің кем? Естуімше, қазірде алқаш, жемқор, маниақтар да сайлауға түсуге болады екен. Ешкімге шек қойылмайды деп жатыр.
– Соқ өтірікті. Қайдағыны айтпашы, мен ондай емеспін.
– Мейлі, әншейінде үйде отырып сайрайсың, оданда мәжіліске барып мәселе көтер. Көрші Маңқагүлдің жаман байынан он есе артықсың. Шофер не, адам емес пе?
– Сайлауға түсу үшін саясатты, заңды білу керек, ол жер халықтың, елдің тағдырын шешетін орын ғой.
– Шешіледі, шешілмейтін түйін жоқ, шешеміз, – деп әйелім қояр емес.

– Депутат болғым келмейді, – дедім.
– Басымды қатырма, сайлауға түс!
– Түспеймін!
– Түс!
– Түспеймін!
– Түсесің!..
Үш күн бойы осылай айтыстық. Ақыры көндім. Сайлауға түсуге бел будым.
Әйелім қолыма былай деп бадырайтып бағдарлама жасап берді.
«Құрметті арыстандай ағаларым, бұқадай балдыздарым, жолбарыстай жиендерім, нардай нағашыларым, түлкідей таныс-тамыр, туыстарым!
Міне, өзіме емес әйеліме сеніп, әрине сіздерге де сеніп, депутаттықтан дәмеленіп өз кандидатурамды ұсынып отырмын»..
Біріншіден: Күйеуге шыға алмай жүрген қыздарға бизнесмен, ақшасы көп еркек тауып беремін. Екі әйел аламын деп есірген еркектерді елден қуып шығамын. Оларға қар құшақтатып, мұз сүйдіремін..
Екіншіден: Мәдениет – өнер қызметкерлеріне, ақын-жазушыларға, ай сайын ақысыз алғысымды ауызша, жазбаша аямаймын. Қанша сұраса да үйіп-төгіп беремін..
Үшіншіден: Жағымпаз болмайтын, пара алмайтын, бөспейтін, жемейтін, ішпейтін, шекпейтін, тартпайтын, ұрламайтын, қызғанбайтын адамдардан мекеме басшыларын тағайындауға атсалысамын..
Төртіншіден: Жұмыссыз жүрген еркектердің қолына бір-бір сапты күрек, кетпен, айыр, балта, балға тауып беремін. Ал әйелдерге оқтау, ұршық, қазан, бесік, келісап, ине-жіп ұстап алып ұялтамын..
Бесіншіден: Депутаттардың кезектесіп қайта-қайта сайлануына шектеу қоямын. Өз басым қайта сайланбаймын деп қорадағы тоқал ешкімнің ақ сүтімен ант етемін..
Алтыншіден: Күн сайын көшеде жаяу жүріп халықтың тыныс-тіршілігін бақылаймын. Ұйымдасқан қылмыскерлерді ұстап алып ұялтамын..
Жетіншіден: Үйлену, қыз ұзату, сүндет тойлар бұдан былай ақысыз өтеді. Асабалар мен әншілер тойларына тегін қызмет көрсететін болады..
Басым ботқадай пісіп, жүрегім жылып, ішім бір қапшық жақсылыққа толып, халқыма адал қызмет еткім келеді. Өзірге әйелімнің айтқандары осы. Егер осы сайлауда депутат болсам, рас айтамын, әйтеуір бір көмегім тиеді.
Маған дауыс беріңіздерші...

Ерсін ҚАЙРОЛЛА

Соңғы кездері әйелім маған тиісіп жүр. Таң атпай таңдайы тақылдайды.



МАҒАН НЕГЕ ТИІСЕ БЕРЕДІ?

– Осы жұрттан неге үйренбейсің? Болмаса өзім үйретемін, – дейді.
– Қатын-ау, кімнен не үйренемін? – деймін кеңірдегім қылғынып. Бесіктегі бала емеспін ғой...
– Білмеймін, үйрен...
– Нені?
– Жұрттың байлары керемет әкіммен дос, бірге қыдырады.
– Қыдыра берсін.
– Жұрттың байлары шетелде тынығады.
– Тыныға берсін.
– Сен сияқтылар баяғыда екі қабат коттедж тұрғызып алды.
– Тұрғыза берсін.
– Сүмелек, сенің қолыңнан түк келмейді үйрен, үйретемін, – деп оқтаумен тұра қуды.
Өрең қашып құтылдым. Жұмысқа келдім. Бастығым да әйел адам. Кабинетіне шақырып алды.
– Осы сен неге үйренбейсің?
– Үйленбейсің, кімге?
– Жоқ, үйренбейсің?
– Не үйренуім керек?
– Білмеймін, бір нәрсе үйрен, болмаса үйретемін, – деп ол да көзін алартты. Бұларға не болған? Қазір өңкей үйреткіштер көбейіп кетті. Мен не цирктегі аңмын ба?..
Әлде мен осы уақытқа дейін маңызды бірденені үйрене алмай жүр ме екенмін? Өзім «ым-ды» түсінбейтін бейшарамын. Әйелімнің де, бастығымның да айтуы дұрыс шығар. Бірақ олар ашып айтпайды, қашып айтады.
Әкімшіліктен шығаберісте таныс келіншек кездесіп қалды.
– Үйреніп жатсыңдар ма?
– Түсінбедім, не үйрену керек?

– Жақсы үйренерсің, – деді.
«Осы уақытқа дейін не үйренгенбіз?» – дедім көмейдегі тіліммен міңгірлеп.
Қалта телефоным «зың-зың» етті. Біреу: «Аюға намаз үйреткен таяқ. Үйрен», – деп қысқаша хат жазып жіберіпті. Әрине, үйренген жақсы ғой. «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» деген бар емес пе?
Білмеймін, әйтеуір соңғы кездері «Үйреніндер, үйретеміз» деген сөздер құлағымның айналасынан өлімтікке үймелеген көк шыбындар сияқты ызындап кетпей қойды.
Сонда кімнен не үйренеміз? Құдай-ау, бізден неге үйренбейді? – деймін бір жеріме қарамай...

Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН



КҮЛКІ КЕРУЕНІ

ЖАТЫНАТАР ЖАҚЫЛТҚАН

Ат жемейтін,
Аңы шоптің
Шыққанынан,
Шықпағаны жақсы ма?
Шықпағанынан
Шыққаны жақсы ма?

Домбай мен Омбай
Дойбы ойпады.
Омбай оңбай ұтылып,
Ойбайлады.

Ойбайлаған
Омбайға
Домбай қой-қойлады.

Ауым-сауым,
Үйна-түйна,
Салдыр-салақ,
Бұз кім?
Кеп тұр күлкім.

Жыл-жынақы,
Тап-таза,

Түп-түз.
Бұл кім?
Ұқыпты болуға ұмтыл!

Маман
Банан берді.
Бананды маған бермей,
Оған берді.
Оған бермесе,
Ойбайлап дау іздейді.
Бананның қазақшасын
«Мәуізі» дейді.

Табанымнан
Тік тұрдым.
Ботқаны отқа қойып
Бұқтырдым.
Бұқтырып қойған ботқам
Бытбырық боп,
Түбі күйді.
Әбігерге түсіп
Әрі-бері жүрді де,
Дәрігерге
«Дәрі бер!» деді.
Дәрігер дәрі беріп,
Бәрін емдеді.



